




Қазақстан Республикасы
Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігі



"ЖАСТАР" ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ
НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ ЦЕНТР "МОЛОДЕЖЬ"
SCIENTIFIC RESEARCH CENTER "YOUTH"

ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫ

ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ
БОЙЫНША ТАЛДАМАЛЫҚ БАЯНДАМА

МОЛОДЕЖЬ КАЗАХСТАНА


АНАЛИТИЧЕСКИЙ ДОКЛАД

ПО РЕЗУЛЬТАТАМ СОЦИОЛОГИЧЕСКОГО ИССЛЕДОВАНИЯ

Нұр-Сұлтан, 2020



Қазақстан Республикасы
Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігі



"ЖАСТАР" ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ
НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ ЦЕНТР "МОЛОДЕЖЬ"
SCIENTIFIC RESEARCH CENTER "YOUTH"

ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫ

ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ
БОЙЫНША ТАЛДАМАЛЫҚ БАЯНДАМА

Нұр-Сұлтан, 2020

«Қазақстан жастары» әлеуметтік зерттеу / Е.А. Руднева, Д.А. Кожобекова, Б.К. Туреханова – сырттан тартылған сарапшы: «Жастар» ҒЗО, Нұр-Сұлтан, 2020. – 143 б.

Талдамалық баяндама Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің тапсырысы бойынша жастар арасында республикалық сауалнама жүргізу және сарапшылық фокус-топтар өткізу әдістерімен жүргізілген «Қазақстан жастары» әлеуметтік зерттеу нәтижелеріне негізделген.

© «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы, 2020

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе.....	6
	Әлеуметтік зерттеу бағдарламасы.....	7
	Бағдарламаның әдіснамалық бөлімі.....	7
	Бағдарламаның әдістемелік бөлімі.....	7
	1-бөлім. «Қазақстан жастары» жаппай республикалық сауалнама нәтижелерін талдау.....	13
01	Жастар денсаулығы және бос уақыты.....	14
	1.1. Жастардың денсаулыққа көзқарасы.....	14
	1.2. Жастарда зиянды әдеттердің болуы/жоқтығы.....	15
	1.3. Жастардың физикалық белсенділігі мен бос уақыты.....	19
02	Жастар өміріндегі білім және ғылым.....	26
	2.1. Жастардың қашықтықтан оқыту формасына көзқарасы.....	26
	2.2. Жастарға бейресми білім беру.....	28
	2.3. Жастардың шығармашылық қызметін дамыту және қолдау.....	29
03	Жастардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы.....	35
	3.1. Кәсіптік бағдарлар таңдау.....	35
	3.2. Кәсіпкерлік қызмет саласындағы жастардың тәжірибесі мен проблемалары.....	37
	3.3. Жастардың әлеуметтік осал тобының жай-күйі мен мүмкіндіктері.....	38
04	Қазіргі жастардың құндылық бағдарлары мен мүдделері.....	42
	4.1. Жастардың құндылықтар бағдарлары.....	42
	4.2. Жастардың тілді қолдану қалаулары.....	44
	4.3. Жастардың дінге көзқарасы.....	45
	4.4. Пандемия/карантин кезеңіндегі жастардың әлеуметтік жағдайы.....	50
	4.5. Патриотизм және қазақстандық жастар арасындағы танымал трендтер.....	53
	4.6. Жастардың «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру туралы хабардарлығы.....	56
05	Жастар қоғамдық-саяси процестерде.....	59
	5.1. Қазақстанда болып жатқан оқиғалар туралы ақпарат алу көздері.....	59
	5.2. Жастар ортасында наразылық әлеуеті мен кемсітудің тәуекелі.....	61
	5.3. Жастардың әскери қызметке көзқарасы.....	65
06	Мемлекеттік жастар саясатын іске асырудың тиімділігі.....	68
	6.1. Мемлекеттік жастар саясатын іске асыру тиімділігін бағалау.....	68
	6.2. Белсенді/танымал жастар ұйымдары мен жастар ресурстық орталықтары қызметінің тиімділігін бағалау.....	69
	Қорытынды.....	72
	2-бөлім. «Қазақстан жастары» сараптамалық фокус-тобының нәтижелерін талдау.....	80
	1. Фокус-топ материалдарын талдау.....	81
	2. Ұсыныстар.....	102
	Қосымша.....	110

КІРІСПЕ

«Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы 2020 жылы «Қазақстан жастары» жобасын іске асыруда, оның аясында кешенді әлеуметтік зерттеу жүргізілді. Зерттеудің мақсаты Қазақстан жастары өмірінің, әлеуметтік көңіл-күйінің, өмір сүру сапасының негізгі аспектілерін зерделеу және бағалау, сондай-ақ мемлекеттік жастар саясатын іске асырудың тиімділігі бойынша ұсынымдар әзірлеу.

Жастар - қоғам үшін ерекше орны бар маңызды стратегиялық ресурс. Жастар бүгінде әртүрлі өзгерістерге тез бейімделеді, елде және әлемде болып жатқан оқиғаларға белсенді араласады, сондай-ақ қоғамды толғандыратын мәселелерді шешудің жолдарын ұсынады. Жастар ортасында болып жатқан процестер туралы ақпарат болмаса, жастар саясатын тиімді іске асыру мүмкін емес. Сондықтан жастарды толғандыратын мәселелерді анықтау және мемлекеттік жастар саясаты шеңберінде іске асырылатын шаралар мен бағдарламалардың ықпал ету дәрежесін объективті бағалау маңызды.

Зерттеу жастар өмірінің әртүрлі аспектілерін – денсаулық пен бос уақыт, білім беру, әлеуметтік-экономикалық жағдай, құндылық бағдарлары мен мүдделері, қоғамдық-саяси процестерге қатысу, мемлекеттік жастар саясатын іске асырудың тиімділігін және басқа салаларды қамтиды.

Бұл қолданбалы әлеуметтік зерттеу теориялық және эмпирикалық процедуралардан тұратын тұтас жүйе, зерттеудің объектісі мен тақырыбы дәл анықталып, нақты теориялық және практикалық әлеуметтік мәселелерді шешудің объективті нәтижелеріне қол жеткізуге мүмкіндік беретін ғылыми және қолданбалы элементтердің жиынты.

Әлеуметтік зерттеу бағдарламасы

Бағдарламаның әдіснамалық бөлімі

Зерттеу объектісі - 14-28 жас аралығындағы Қазақстан жастары.

Зерттеу пәні – Қазақстан жастарының өз өмірінің негізгі аспектілерін бағалауы, оның ішінде: денсаулық және бос уақыт, білім және ғылым, әлеуметтік-экономикалық жағдай, құндылық бағдарлары мен мүдделері, қоғамдық-саяси процестер.

Әлеуметтік зерттеудің мақсаты Қазақстан жастары өмірінің әртүрлі аспектілерін зерделеу және мемлекеттік жастар саясатын іске асырудың тиімділігі бойынша ұсынымдар әзірлеу.

Әлеуметтік зерттеу міндеттері:

- жастардың денсаулығы мен бос уақытын зерттеу;
- білім беру деңгейін және жастардың ғылыми қызметке тартылуын бағалау;
- жастардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын зерттеу;
- жас қазақстандықтардың құндылықты бағдарлары мен мүдделерін анықтау;
- жастардың наразылық белсенділігі әлеуетінің деңгейі мен себептерін және жастар ортасында кемсітушілік тәуекелін анықтау;
- мемлекеттік жастар саясатын іске асыру тиімділігін бағалау.

Бағдарламаның әдістемелік бөлімі

Әлеуметтік зерттеу әдістері

Жаппай республикалық сауалнама

Ақпарат жинау әдісі - 14 жастан 28 жасқа дейінгі жастарға «face-to-face» әдісімен жаппай сауалнама жүргізу. Бұл әдіс жастардың пікірлері мен бағалары туралы объективті ақпарат алуға мүмкіндік берді.

Жаппай зерттеу сауалнамасында сұрақтардың негізгі блогы және әлеуметтік-демографиялық блок бар.

Сауалнама тілі: респонденттің қалауына қарай қазақ және орыс тілдері.

Зерттеудің далалық кезеңінің ақпаратын жинауды арнайы дайындалған интервьюерлер жүзеге асырды.

Жаппай сауалнама респонденттердің тұрғылықты жері бойынша жүргізілді, таңдалған әдіс зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді.

Іріктемелі жиынтық көлемі

Іріктемелі жиынтық көлемі 2000 респондентті құрады. Әлеуметтік зерттеу жүргізу аумағы Қазақстан Республикасының барлық өңірлерін – республикалық маңызы бар Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларын, 14 облыс орталығын, сондай-ақ ауылдық елді мекендерді қамтиды. Зерттеуде стратификацияланған көп сатылы іріктеу қолданылды.

Іріктемелі жиынтық – 2000 респондент

	Барлығы	Қала тұрғындары	Ауыл тұрғындары	Ерлер	Әйелдер
Қазақстан Республикасы	2000	1136	864	1016	984
Ақмола	76	34	42	39	37
Ақтөбе	97	66	31	49	48
Алматы	209	44	165	109	100
Атырау	70	34	36	36	34
Шығыс Қазақстан	133	82	51	69	64
Жамбыл	125	47	78	64	61
Батыс Қазақстан	69	35	34	35	34
Қарағанды	143	111	32	73	70
Қостанай	89	46	43	46	43
Қызылорда	92	38	54	48	44
Маңғыстау	76	28	48	39	37
Павлодар	73	49	24	37	36
Солтүстік Қазақстан	53	24	29	28	25
Түркістан	239	42	197	128	111
Нұр-Сұлтан	115	115	0	55	60
Алматы	213	213	0	99	114
Шымкент	128	128	0	62	66

* Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің 2019 жылғы 1 қаңтардағы деректері бойынша

Іріктеменің дизайны жиынтықтағы кез келген адам (14-28 жас аралығындағы) сауалнамаға қатысу үшін іріктелуге тең мүмкіндіктерге ие болатындай етіп құрылған. Стратификацияланған көп сатылы іріктеу қолданылды. оның, негізгі таңдау кезеңдері:

1-саты. Облыстар бойынша іріктеу - облыстар және республикалық маңызы бар қалалар бойынша 14-28 жас аралығындағы халық санына қарай елдің 17 өңірі бойынша іріктеменің көлемі айқындалды.

2-саты. Қала-ауыл қағидаты бойынша іріктеу - әрбір облыста қалалық және ауылдық іріктеменің көлемі есептелді.

3-саты. Бастапқы нүктені іріктеу - әрбір елді мекен шегінде маршруттың бастапқы нүктелері мен респонденттердің саны кездейсоқ анықталады.

4-саты. Квотаға сәйкес респонденттерді іріктеу - әрбір жеке алынған үй шаруашылығында респонденттер екі белгі бойынша іріктеледі – жынысы мен жасы – жас-жыныстық квотасы - респонденттің жасы 14-тен 28 жастың аралығында, сондай-ақ жынысы бойынша репрезентативті болу (сұралатын ерлер мен әйелдердің саны әрбір облыс, қала және ауыл бойынша статистика комитетінің деректеріне сәйкес есептелген).

Іріктеме репрезентативті болып табылады, яғни бөлінген параметрлер бойынша респонденттердің құрамы бас жиынтықтағы тиісті пропорцияларға жақын (Статистика комитетінің 2019 жылға арналған деректеріне сәйкес). Бұл ретте іріктемелі жиынтықтың орташа сипаттамаларының бас жиынтықтың орташа сипаттамасынан ауытқуы $\pm 2,5\%$ -бен аспайды.

Ақпаратты өңдеу әдістемесі

Зерттеудің далалық кезеңінің қорытындысы бойынша интервьюерлердің жұмысына бақылау жүргізілді (сауалнамалардың дұрыс толтырылуын 100% тексеру және телефон арқылы сауалнамалардың 30% тексеру, деректерді енгізу және өңдеу).

Бастапқы деректерді енгізу, өңдеу, сондай-ақ бір өлшемді, екі өлшемді кестелерді шығару, корреляциялық және кластерлік талдаулар лицензияланған, орыс тіліне лайықталған SPSS компьютерлік бағдарламасының 21-нұсқасы көмегімен орындалды.

Ақпаратты талдау әдістері

Бастапқы әлеуметтік ақпаратты талдаудың негізгі әдістері:

- 1) бір өлшемді деректерді талдау;
- 2) екі өлшемді деректерді талдау;
- 3) корреляциялық талдау.

Сараптамалық фокус-топ әдісі

Фокус-топ әдісі зерттеуде мазмұнды және мағыналы жауаптар алу үшін қолданылады. Сапалы зерттеудің бір түрі ретінде, әдіс зерттелетін мәселе бойынша респонденттердің егжей-тегжейлі пікірлерін алуға мүмкіндік береді.

Фокус-топтық пікірталас зерттеу міндеттеріне сәйкес әзірленген алдын ала дайындалған сценарий (гайд) бойынша жүргізілді.

Зерттеу құралының құрылымы (фокус-топ гайды) зерттеудің бағдарламалық мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес логикалық блоктарға бөлінген және бірқатар сұрақтардан тұрады.

Фокус-топты арнайы дайындалған модератор жүргізді. Сараптамалық фокус-топ қатысушыларының саны 12 адамды құрады.

Фокус-топтық талқылаудың аудио-және бейнежазбасы жүргізілді, ол кейіннен транскрипциялау және деректерді талдау үшін пайдаланды. Фокус-топтың қорытындысы бойынша аудиожазбалардың транскрипті жасалды.

Елдегі эпидемиологиялық жағдайға байланысты фокус-топты онлайн форматқа ауыстыру туралы шешім қабылданды. Талқылау Zoom платформасында бейнеконференцбайланыс форматында өтті.

Сарапшылар тізімі

№	Аты-жөні	Жұмыс орны	Лауазымы
1.	Әбілдина Ақбота Сүлейманқызы	Ұлттық қоғамдық денсаулық орталығының Балалар мен жастардың денсаулығын нығайту бөлімі (ҰҚДО)	Бөлім басшысы
2.	Балтабеков Еркебұлан Сайлаубекұлы	Шығыс Қазақстан облысы Ішкі саясат департаментінің Жастар ісі жөніндегі бөлімі	Бөлім басшысы
3.	Грабарь Лидия Николаевна	«Жастар СӨС қолдайды» ЖҚБ	Төрайым
4.	Демесінова Лаура Бағланқызы	«Болашақ» халықаралық стипендиясы ассоциациясы	Атқарушы директор
5.	Ерняязова Айсұлу Әлімжанқызы	«Қазақстан волонтерлер лигасы» ҚҚ	Төрайым
6.	Каиршин Нұрлан Серікұлы	Нұр-Сұлтан қ. кәсіпкерлер палатасы	Әлеуметтік мәселелер бойынша директордың орынбасары
7.	Мейірбек Нұркен Асқарұлы	БҚО жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталық	Басшы
8.	Рыль Ольга Владимировна	«Құқық» қоғамдық қоры	Директор
9.	Рыстина Индира Садыбекқызы	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті Саясаттану кафедрасы	Кафедра меңгерушісі
10.	Түспекова Құралай Айтқабылқызы	Ұлттық Дельфий Комитеті	Директор
11.	Швецова Елена Александровна	«Еркіндік қанаты» ҚҚ	Атқарушы директор
12.	Яценко Вадим Яковлевич	Қазақстан Республикасы ІІМ Әкімшілік полиция комитеті	Ювеналды полиция басқармасы бастығының орынбасары

Зерттеу кезеңі: мамыр-шілде, 2020 жыл.

ӘЛЕУМЕТТІК- ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ БЛОК



2000 Сұралғандар
респондент

География

14 облыс орталықтары





Нұр-Сұлтан, Алматы
және Шымкент
қалалары

ауылдық
елді
мекендер



Жас



Отбасылық жағдай




Білім деңгейі



Қазіргі уақытта қайда тұрасыз?




Балалар саны



Табыс көзі



Қазіргі уақытта сіз жұмыс істеп жатырсыз ба?



1-БӨЛІМ.

«ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫ» ЖАППАЙ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ САУАЛНАМА НӘТИЖЕЛЕРІН

01 ЖАСТАР ДЕНСАУЛЫҒЫ ЖӘНЕ БОС УАҚЫТЫ


1.1. Жастардың денсаулыққа көзқарасы

Жастардың денсаулық жағдайы елдің қазіргі әлеуметтік, экономикалық, еңбек және қоғамдық дамуының маңызды индикаторларының бірі болып табылады. Сондықтан жастар денсаулығының қалыптасуын, сондай-ақ денсаулыққа кері әсер ететін факторларды зерттеу денсаулық мәдениетіне жалпы әсер ететін процестерді көрсету үшін ерекше маңызды.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жалпы жастар денсаулыққа күтім жасаудың алдын алу шараларына назар аударады. Мәселен, жылына бір рет профилактикалық тексеруден респонденттердің жартысынан көбі (50,7%) өтеді. Жылына екі рет 16,8% және жылына бір реттен аз 16,7% жастар өтеді. 9,2% респондент жылына екі реттен артық профилактикалық тексеруден өтеді. Респонденттердің 6,8% ешқашан профилактикалық тексеруден өтпегенін айтты (№1 диаграмма).

№1 диаграмма.


«Сіз профилактикалық тексеруден қаншалықты жиі өтесіз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %-бен



Сондай-ақ, деректерді талдау әйелдер денсаулығына көбірек көңіл бөлетіндігін көрсетеді. Мәселен, әйелдер профилактикалық медициналық тексеруден ерлерге қарағанда жиі өтеді - жылына екі реттен артық және жылына екі рет (тиісінше 7,1% және 15,7%, 11,3% және 17,7%-ға қарсы). Сондай-ақ, профилактикалық тексеріліуден өтпегендер үлесі әйелдерге (4,8%) қарағанда ерлер арасында (8,7%) жоғары (№2 диаграмма).

№2 диаграмма.

«Сіз профилактикалық тексеруден қаншалықты жиі өтесіз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, гендерлік тұрғыда, %-бен



Жастардың денсаулыққа көзқарасы туралы блок аясында жастарға жыныстық жолмен берілетін инфекциялар (ЖЖБИ) туралы хабардар болу дәрежесін бағалау ұсынылды. нәтижесінде, респонденттер ЖЖБИ туралы хабардар екендерінің әртүрлі деңгейін көрсетті. Осы инфекциялар туралы 27,2% респондент өте жақсы білетініне сенімді. 38,6% респондент жақсы біледі. Сауалнамаға қатысқан 22,4% респондент үстірт біледі. Әрбір оныншы респондент ЖЖБИ туралы ештеңе білмейді (10,2%). Осылайша, жастардың жалпы ЖЖБИ туралы хабардарлық деңгейі орташа болып табылады (№3 диаграмма).

№3 диаграмма.

«Өтінемін, жыныстық жолмен берілетін инфекциялар (ЖЖБИ) туралы хабардарлық деңгейіңізді бағалаңыз» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %-бен




1.2. Жастарда зиянды әдеттердің болуы/жоқтығы

Жүргізілген сауалнаманың деректері алкогольді тұтыну жастар арасында кең таралмағанын көрсетеді. Респонденттердің көпшілігі (70,5%) ешқашан алкоголь тұтынбайды. Сауалнамаға қатысушылардың 14,1%-ы айына бір реттен аз тұтынады. Респонденттердің ең аз саны (1,8%) аптасына бірнеше рет алкоголь ішетіндерін атап өтті.

№4 диаграмма.


«Сіз алкогольді қаншалықты жиі қолданасыз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %-бен



Жалпы, жастардың алкоголь ішуінің алғышарттарының бірі - урбанизацияланған орта: қалада тұратын жастар алкогольді көбірек қолданады. Бұл «зиянды әуестікті» жүзеге асыру үшін көбірек мүмкіндіктердің болуымен байланысты шығар. Сауалнама жауаптарына сәйкес, қалалық тұрғындар алкогольді ішімдіктерді аптасына (2,2%) және айына (7,5%) бірнеше рет, тиісінше 1,3% және 4,7% көрсеткіші бар ауыл тұрғындарына қарағанда жиі қолданады. Ауыл тұрғындарының 76,2%, қала тұрғындарының 66,1% бөлігі ешқашан алкоголь тұтынбайтындарын айтты (№5 диаграмма).

№5 диаграмма.

Сіз алкогольді қаншалықты жиі қолданасыз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, елді мекен типі тұрғысынан, %-бен



Сонымен қатар, респонденттердің жауаптарын талдау, жастар арасында алкогольді тұтынудың таралуы жасқа байланысты екенін көрсетті – респонденттердің жасы неғұрлым жоғары болса, алкогольді ішетіндер саны соғұрлым жоғары болады.


Төменгі жас тобында (14-18 жас) 0,3% жастар, ал 24-28 жас аралығындағы ересектер тобында 2,9% бөлігі аптасына бірнеше рет алкоголь ішеді. Осындай өзара байланыс алкоголь ішімдіктерін қолданудың басқада қарқындылық типтері бойынша да байқалады (№6 диаграмма).

14-18 жас аралығындағы жастардың 87,9%, 19-23 жас аралығындағы 70,1% және ересек жастағы (24-28 жас) 58% алкоголь ішпейді.

Осылайша, бұрын-соңды алкоголь ішкен респонденттердің көпшілігі алкогольді әртүрлі қарқындылықпен ішеді, яғни алкогольді қолдану одан әрі жалғасуы мүмкін.

№6 диаграмма.

«Сіз алкогольді қаншалықты жиі қолданасыз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, жас тобы тұрғысынан, %-бен




Өңірлер тұрғысынан салыстырғанда респонденттердің жауаптары келесідей болды. Батыс Қазақстан (14,5%) және Маңғыстау (6,6%) облыстарының респонденттері алкогольді аптасына бірнеше рет қолданады. Батыс Қазақстан (30,4%), Павлодар (15,1%) және Маңғыстау (11,8%) облыстарының жастары айына бірнеше рет; Солтүстік Қазақстан (22,6%), Батыс Қазақстан (17,4%) және Павлодар (16,4%) облыстарының респонденттері айына бір рет алкоголь қолданады.

Солтүстік Қазақстан (28,3%), Қарағанды (23,1%) облыстарының және Алматы қаласының (22,1%) респонденттері алкогольді айына бір реттен сирек қолданатынын; Түркістан (87,4%), Қызылорда (85,9%), Ақтөбе (83,5%) облыстарында және Нұр-Сұлтан қаласында (83,5%) тұратын жастар ешқашан алкоголь қолданбайтынын атап өтті.

Темекі шегуге деген қажеттілік темекіге тәуелділіктің белгілерінің бірі екенін ескере отырып, респонденттерге темекі шегудің қарқындылығы туралы сұрақ қойылды. Жауаптарды талдау көрсеткендей, жастар арасында респонденттердің көпшілігі (80,3%) темекі шекпейді. Алайда, күн сайын темекі шегетін жастардың саны аз, бірақ айтарлықтай - әрбір 10 респондент темекі шегеді (9,7%). Сондай-ақ, 4,1% респондент аптасына бірнеше рет темекі шегеді. Сонымен қатар, 2,2% респондент айына бір реттен аз темекі шегетінін мойындады (№7 диаграмма).

№7 диаграмма.


«Сіз қаншалықты жиі темекі шегесіз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %-бен



Ұлдар арасында темекі шегудің таралуы қыздарға қарағанда жоғары: 15,9% ұлдар мен 3,5% қыздар күн сайын темекі шегеді. 90,3% әйел жыныстылар мен 70,2% ерлер темекі шекпейді (№8 диаграмма).

№8 диаграмма.

«Сіз қаншалықты жиі темекі шегесіз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, гендерлік тұрғыда, %-бен



Өңірлер тұрғысынан қарағанда күн сайын темекі шегетін респонденттердің көпшілігі Қарағанды (21,7%), Батыс Қазақстан (20,3%) және Павлодар (19,2%) облыстарында тұрады. Қызылорда (91,3%), Қостанай (89,9%) және Түркістан (88,3%) облыстарының жастары темекі шекпейді.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жастар арасында есірткі заттарын қолданудың таралуы 100 респондентке 2,9 жағдайды құрайды. Сауалнамаға қатысқан жастардың көпшілігі (96,5%) есірткіні, оның ішінде марихуана, кокаин, LSD қолданбағанын атап өтті (№9 диаграмма).

№9 диаграмма.


«Сіз есірткі, соның ішінде марихуана, кокаин, LSD қолданып көрдіңіз бе?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %-бен



Өздері есірткі заттарын қолданған туралы тәжірибесін 19 жастан 28 жасқа дейінгі респонденттер жиі айтады (№10 диаграмма).

№10 диаграмма.

«Сіз есірткі, соның ішінде марихуана, кокаин, LSD қолданып көрдіңіз бе?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, жас тобы тұрғысынан, %-бен



1.3. Жастардың физикалық белсенділігі мен бос уақыты

Қазіргі уақытта спорт ерекше маңыздылық пен танымалдылыққа ие. Физикалық белсенділік денсаулықты сақтау мен қолдаудың бір тәсілі ғана емес, сонымен қатар жастар ортасында зиянды әдеттердің алдын-алу шаралары ретінде қарастырылуы мүмкін. Спортқа деген көзқарасты зерделеу үшін респонденттерге бірқатар сұрақтар қойылды.

Спорттық секцияларға/жаттығуларға бару жиілігі туралы сұраққа жауаптарды талдау көрсеткендей, жастардың 30,9% спорттық мекемелерге бармайды. 25% респондент үйде шұғылданады. 20,5% жастар жаттығуға аптасына екі немесе одан да көп рет уақыт бөледі. Респонденттердің 10,1% айына үш-төрт рет спортпен шұғылданады (№11 диаграмма).

№11 диаграмма.

«Сіз спорт секцияларына/жаттығуларға қаншалықты жиі барасыз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %-бен




Сауалнама нәтижесінде спорт секциясына қатысу жиілігі сауалнамаға қатысушылардың жас тобына байланысты екені анықталды. Жасы неғұрлым төмен болса, қатысу қарқындылығы соғұрлым жоғары болады.

Мысалы, спорт секцияларына аптасына екі және одан да көп рет 14-18 жас аралығындағы 24,6%, 24-28 жас – 17,7% респондент қатысады. 19-23 жас аралығындағы топ өкілдерінің «айына бір рет» деген жауаптарының үлесі - 9%, ал 14-18 жас – 6,4% және 24-28 жас – 7,1% болды. 24-28 жас аралығындағы респонденттердің 36,1% спорт мекемелеріне бармайды.

19-23 жас аралығындағы жастар (26,5%) үйде спортпен шұғылдануды жөн көреді (№12 диаграмма).

№12 диаграмма.


«Сіз спорт секцияларына/жаттығуларға қаншалықты жиі барасыз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, жас тобы тұрғысынан, %-бен



Нәтижелер көрсеткендей, қыздарға қарағанда ұлдарда спортқа деген қызығушылық басым. Өйткені, аптасына екі және одан да көп рет физикалық белсенділікпен ерлер өкілдерінің 27,4% бөлігі және әйел жынысты 13,6% респондент айналысады. 12,6% ұлдар мен 7,7% қыздар спортқа айына үш-төрт рет уақыт бөледі. Ұлдарға (21,6%) қарағанда қыздар спортпен үйде көбірек шұғылданады (28,3%). 37,5% қыздар мен 24,3% ұлдар спорт мекемелеріне бармайды (№13 диаграмма).

№13 диаграмма.


«Сіз спорт секцияларына/жаттығуларға қаншалықты жиі барасыз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, гендерлік тұрғыда, %-бен



Сауалнама деректерін талдау көрсеткендей, ер адамдар әйелдерге қарағанда спортқа көбірек уақыт бөледі. Сонымен, әйелдерде спортпен шұғылдану ұзақтығы негізінен бір сағаттан аз (23,3%). Ерлер спортқа аптасына 1-7 сағат арнайды, мысалы, 1-3 сағат деп 28,7% және 4-7 сағат деп 9,7% ерлер және сәйкесінше 19,2% және 5,5% әйелдер атап өтті. Сауалнамаға қатысқан 48% әйелдер және 34,7% ерлердің жауаптары бойынша, олар физикалық белсенділікке уақыт кетірмейді (№14 диаграмма).

№14 диаграмма.

«Төменде аталған жаттығулардың әрқайсысы бір апта ішінде Сіздің қанша уақытыңызды алады? Спорт (спортзал, бассейн, жүгіру, секциялар)» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %-бен




Жастардың мәдениет деңгейін анықтауда бос уақытты өткізу формаларын зерттеу ерекше маңызға ие. Бос уақыт жеке тұлғаның қалыптасуына әсер етеді, бос уақытты өткізу кезінде қоғамдық өмірге және жалпы мәдениетке икемделеді. Жастар өздерінің қажеттіліктері мен құндылық бағдарларына байланысты бос уақытты өткізу үшін әртүрлі қызмет түрлерін таңдайды.

Респонденттердің жауаптарын талдау бос уақыт түрлері бойынша жаттығулар жиілігін анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен, жастардың бос уақыты құрылымындағы ең жиі кездесетін іс-әрекет - бұл жақын ортасында уақыт өткізу. Респонденттер аптасына он сағаттан артық уақытын отбасымен (37,7%) және достарымен (8,9%) өткізуге жұмсайды. Уақыт мөлшері 1 сағаттан 10 сағатқа дейін өзгерсе де, бұл екі санат бірдей өзгеріссіз қала береді.

Жастар аптасына 1-3 сағат өздігінен білім алуға (25,9%) және спортқа (24%) қызығушылық танытады. Жастардың төмен белсенділігі волонтерлік және шығармашылық қызметте байқалады. Респонденттердің көпшілігі атап өткендей, волонтерлік (79,2%) және шығармашылық (58%) олардың уақытын алмайды (№15 диаграмма).

№15 диаграмма.

«Төменде аталған жаттығулардың әрқайсысы бір апта ішінде Сіздің қанша уақытыңызды алады?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %-бен




Бүгінгі таңда Интернет желісі қазіргі өмірде маңызды рөл атқарады. Виртуалды желі пайдаланушыларға ақпаратты, білімді, кәсіби қызметті, қарым-қатынасты және басқаларды іздеу және алу құралы ретінде көптеген қажеттіліктерді қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Демек, Интернет - бұл жастардың едәуір бөлігі күнделікті қолданатын қажеттілік.

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, жастардың басым бөлігі (42,7%) күн сайын 2 - 5 сағатқа дейін Интернет желісінде өткізеді. Респонденттердің 27% бөлігі Интернетке 1-2 сағат, 24,9% - күніне 6 сағаттан көп уақыт бөледі. Респонденттердің тек 1,4% Интернетті қолданбайтынын айтты (№16 диаграмма).

№16 диаграмма.

«Сіз күнделікті қанша уақытыңызды интернетте өткізесіз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %-бен



Сонымен қатар, сауалнама жастардың Интернетті әртүрлі мақсаттарда қолданатынын көрсетті. Жалпы, респонденттердің жартысынан көбі интернет желісін достарымен қарым-қатынас жасау үшін пайдаланады (59,3%). Сауалнамаға қатысушылардың 45,5% Интернетті ойын-сауық құралы ретінде (фильмдер көру, музыка тыңдау, ойындар және т.б. үшін) пайдаланатынын атап өтті. Ал, респонденттердің 44% виртуалды желіге әлеуметтік желілерде уақыт өткізу үшін және 42,5% бөлігі жаңалықтар көру, оқу үшін кіреді. Респонденттер атап өткендей, Интернет оларға 31% білім алу және 25,8% жұмыс істеу үшін қажет (№17 диаграмма).

№17 диаграмма.

«Сіз Интернетке қандай мақсатпен кіресіз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %-бен



Осы сұрақты әр түрлі жастар тобы тұрғысынан қарау, орташа үрдістерге қатысты біршама айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен, барлық жастағы топтар үшін интернет желісінде достармен байланыс бірінші орында.

Бірақ Интернетті пайдаланудың басқа себептерін анықтауда әр жастар топтарында айырмашылықтар бар. 14-18 жас аралығындағы жастардың көпшілігі Интернетті білім алу (50,3%) және ойын-сауық (49,8%) үшін пайдаланады.


19-23 жастағы респонденттер Интернет желісін ойын-сауық (44,3%) және жаңалықтарды көруге (40,4%) пайдалынады. Өз кезегінде, 24-28 жастағы азаматтар желіні жаңалықтарды көру және білім алу үшін пайдаланады (52,4%), тек содан кейін ойын-сауық, фильмдер көру, музыка тыңдау және т.б. үшін қажет деген (43,2%) (№1 кесте).

№1 кесте.

«Сіз Интернетке қандай мақсатпен кіресіз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, жас тобы тұрғысынан, %-бен


	14 – 18 жас	19 – 23 жас	24 – 28 жас
Оқу мәселелері бойынша	50,3	34,5	14,4
Жұмыс бойынша	10,5	25,6	37,0
Жаңалықтарды көру/оқу үшін	31,1	40,4	52,4
Достармен сөйлесу үшін	62,2	59,4	57,2
Әлеуметтік желілерде уақыт өткізу үшін	41,7	46,0	44,3
Ойын-сауық үшін (фильмдер, музыка, ойындар)	49,8	44,3	43,2
Интернет пайдаланбаймын	0,0	0,3	0,7
Өзін-өзі дамыту үшін	0,0	0,2	0,2
Жоғарыда айтылғандардың барлығы үшін	0,0	0,2	0,0

ЖАСТАР ДЕНСАУЛЫҒЫ



Жылына бір рет профилактикалық тексеруден өтеді

50,7%




Жыныстық жолмен берілетін инфекциялар (ЖЖБИ) туралы жақсы біледі



Алкогольді ішпейді

70,5%



Темекі шекпейді

80,3%



Спорт мекемелеріне бармайды

30,9%



Есірткіні пайдаланбаған

96,5%



Үйде спортпен шұғылданады

25%

02 ЖАСТАР ӨМІРІНДЕГІ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ

2.1. Жастардың қашықтықтан оқыту формасына

Қазіргі уақытта COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуына байланысты елде және әлемде болып жатқан оқиғаларды ескере отырып, қашықтықтан білім беру танымал білім беру практикасының біріне айналууда.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, сауалнамаға қатысқан жастардың жартысынан көбі дәстүрлі оқуды қалайды. Осылайша, респонденттердің 27,9%-ы әдеттегі оқыту ыңғайлы екенін атап өтті және 27,5%-ы дәстүрлі оқыту қызықты, өйткені жеке қарым-қатынас бар деген жауап айтты.

15,9% респондент қашықтықтан оқытуды дәстүрлі оқытуға жақсы балама деп санайды. 9,3% респондент қашықтықтан оқыту білім берудің қосалқы формасы ретінде ғана мүмкін екенін айтты.

17,1% жастардың пікірінше, қашықтықтан білім беру дәстүрлі білімге қарағанда нашар.

Қашықтықтан оқыту формасына теріс көзқарастың себептерін респонденттердің аз бөлігінің жауаптарынан байқауға болады. Жастардың 0,2% қашықтықтан оқытуды жүзеге асыруды нашар деп санайды және 0,1% - сапаның төмендігін туралы айтты. 2,2% респондент жауап беруге қиналды (№18 диаграмма).

№18 диаграмма.

«Сіз қашықтықтан оқыту формасына қалай қарайсыз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %-бен




Сауалнама барысында респонденттерге қашықтықтан оқытудың тиімділігін бағалау ұсынылды. Сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі қашықтықтан оқытуды тиімсіз деп санайды. Респонденттердің пікірлері бойынша жастардың 36,9% бөлігі қашықтықтан оқытудың тиімділігін «орташа», ал 25,6% «орташадан төмен» деп бағалады. Келесі 23,5% респонденттер қазақстандық жастар үшін дәстүрлі емес оқыту әдісі тиімділігі төмен деп санайды.

Сауалнамаға қатысушылардың тек 3,6%-ы қашықтықтан оқытудың жоғары тиімділігін көрсетті, 8,6% - тиімділікті «орташадан жоғары» деп бағалады. Жастардың 1,8%-ы жауап беруге қиналды.

Диаграмма №19.


«Сіздің ойыңызша, қашықтықтан оқыту формасы қаншалықты тиімді?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %-бен



Қашықтықтан оқытуға қатысты сауалнаманың бөлімінде, респонденттерге өзекті сұрақ қойылды: «Сіз оқу процесіне қашықтықтан оқыту жүйесін енгізу идеясын қолдайсыз ба?». Респонденттер қойылған сұраққа келесідей жауап берді. Респонденттердің үштен екі бөлігі қашықтықтан оқытуды енгізуді қолдамайды, «жоқ» деген жауапты 36,1%, «дәлірегі, жоқ» деген жауапты 28,7% респондент белгіледі. 13,6% қашықтықтан оқыту формасын мақұлдайды және 19,6% жастардың жауаптарында «дәлірегі, иә» деп көрсетілген. Респонденттердің 2,1% жауап беруге қиналды (№20 диаграмма).

№20 диаграмма.

«Сіз оқу процесіне қашықтықтан оқыту жүйесін енгізу идеясын қолдайсыз ба?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %-бен



Жалпы, қашықтықтан оқыту жүйесін оқу процесіне енгізу идеясын Ақмола (27,6%), Шығыс Қазақстан (21,8%) және Алматы (21,5%) облыстарының жастары қолдайды. Шығыс Қазақстан (37,6%), Батыс Қазақстан (36,2%) және Ақмола (32,9%) облыстарының респонденттері де қашықтықтан оқыту пайдасына «дәлірегі, иә» деп жауап берді.

Ақтөбе (70,1%), Жамбыл (56,5%) және Түркістан (48,7%) облыстарының респонденттері бұл идеяны қолдамайды. Павлодар (43,8%), Солтүстік Қазақстан (41,5%) және Қызылорда (41,3%) облыстарының респонденттері «дәлірегі, жоқ» деп жауап берді.


2.2. Жастарға бейресми білім беру

Еңбек нарығының дамуындағы өзгермелі үрдістер жастарды өз білімдері мен кәсіби дағдыларын үнемі жетілдіруге міндеттейді. Оларды жасына, ұзақтығына және шығындылығына қарамастан әртүрлі тәсілдермен алуға болады. Бұл сферада оқыту формасы ретінде түрлі қысқа мерзімді біліктілікті арттыру курстары, тренингтер, семинарлар және т.б. ұсынылған.

Респонденттердің сауалнамасының нәтижелері көрсеткендей, жастардың көпшілігі бейресми өздігінен білім алумен айналыспайды (64,1%). Тренингтерге, түрлі біліктілікті арттыру курстарына және т.б. респонденттердің 33,9% барады. Жастардың 2,1% бөлігі жауап беруге қиналды (№21 диаграмма).

№21 диаграмма.

«Сіз бейресми өздігінен білім алумен айналысасыз ба (онлайн курстар; тренингтер; біліктілікті арттыру курстары және т.б.)?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %-бен




Өңірлер бойынша бейресми өздігінен білім алумен Алматы қ. (50,7%), Шығыс Қазақстан (48,1%) және Ақмола (47,4%) облыстарының респонденттері айналысады. Ақтөбе (78,1%), Павлодар (77,8%) және Солтүстік Қазақстан (77,4%) облыстарының респонденттері бейресми өздігінен білім алумен айналыспайтынын атап өтті.

Айта кету керек, бейресми өздігінен білім алумен қыздар (38,8%), сондай-ақ қала жастары (37,7%) жиі айналысады (№22 диаграмма).

№22 диаграмма.

«Сіз бейресми өздігінен білім алумен айналысасыз ба (онлайн курстар; тренингтер; біліктілікті арттыру курстары және т.б.)?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, гендерлік тұрғыда, елді мекен типі бойынша, %-бен



Айта кету керек, білім деңгейі неғұрлым жоғары болса, респонденттер бейресми білім алу туралы жиі айтады.

Жастардың ғылыми қызметпен айналысуы туралы сұраққа «жоқ» деген жауап нұсқасы басым болды (89,9%). Жастардың 8,8% ғана ғылыми қызметке тартылған. 1,3% респондент бұл сұраққа жауап беруге қиналды (№23 диаграмма).

№23 диаграмма.

«Сіз ғылыми қызметпен айналысасыз ба (ғылыми зерттеулер, эксперименттер жүргізу; ғылыми мақала жазу және т.б.)?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %-бен



2.3. Жастардың шығармашылық қызметін дамыту және қолдау

Жастардың шығармашылық қызметін зерттеудің өзектілігі маңызды, өйткені жастар өзін-өзі танытуға, дағдылары мен таланттарын көрсетуге бейім. Осыған байланысты сауалнамаға жастардың шығармашылық қызметке тартылуын анықтау үшін сұрақтар енгізілді.

Сауалнама барысында респонденттерге өздері айналысатын нақты шығармашылық қызметті атау ұсынылды. Жастардың басым көпшілігі ешқандай шығармашылықпен айналыспайтыны белгілі болды (63,4%). Өнерге бейім респонденттердің арасында жауаптар келесідей бөлінді. Респонденттердің 11,8% сурет салумен айналысады, 9,8% - музыкалық аспаптарда ойнайды. Жастардың 8,6% бөлігі биге әуес. Респонденттердің ең аз саны ас әзірлеумен, бағдарламалаумен айналысады және компьютерлік ойындар ойнайды (әрқайсысы 0,1%).

№24 диаграмма.

«Сіз қандай да бір шығармашылықпен айналысасыз ба?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %-бен



Сауалнамаға қатысушылар арасында 14-18 жас аралығындағы жастар шығармашылықпен жиі айналысады - 44,8%. Респонденттер неғұрлым үлкен болса, олардың арасында шығармашылық қызметпен айналысатындар аз болады. Сонымен, 14 жастан 18 жасқа дейінгі жас тобындағы 55,2%, 19 жастан 23 жасқа дейінгі топта – 61,1%, ал 24 жастан 28 жасқа дейінгі топта - 70,9% респондент ешқандай шығармашылықпен айналыспайды.

Ең алдымен, бұл 14-18 жас аралығындағы респонденттерде бос уақыттың көп болуына байланысты.

№2 кесте.

«Сіз қандай да бір шығармашылықпен айналысасыз ба?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, жас тобы тұрғысынан, %-бен

	14 - 18 жас	19 - 23 жас	24 - 28 жас
Сурет салу	17,7	11,9	7,5
Би	12,8	8,7	5,4
Музыкалық аспаптарда ойнаймын	10,1	11,1	8,7
Вокал	7,8	5,8	4,8
Өлең, әңгіме жазамын	7,1	5,5	4,7
Сәндік-қолданбалы шығармашылық	4,7	5,5	5,4
Театр студиясында шұғылданамын	1,7	1,2	0,4
Фото және видео түсірумен айналысамын	0,0	0,3	0,2
Компьютерлік ойындар ойнаймын	0,0	0,0	0,1
Спортпен айналысамын	0,8	0,5	0,0
Бағдарламалаумен айналысамын	0,0	0,2	0,0
Тамақ әзірлеумен айналысамын	0,0	0,0	0,1
Ешқандай шығармашылықпен айналыспаймын	55,2	61,1	70,9

Өңірлер бойынша жауаптар келесідей қалыптасты. Би өнерімен көбіне Шығыс Қазақстан (23,1%), Ақмола (17,1%) облыстарының және Алматы қаласының респонденттері айналысады ЕКЕН (12,3%); Шығыс Қазақстан (13,1%), Ақмола (11,8%) облыстарының және Нұр-Сұлтан қаласының (11,3%) респонденттері вокалмен айналысады; музыкалық аспаптарда Шығыс Қазақстан (15,4%) және Қарағанды (14,0%) облыстарының, Алматы қаласының респонденттері (13,2%) ойнайды; сурет салумен Павлодар облысының (19,2%), Алматы (17,5%) және Шымкент (15,6%) қалаларындағы респонденттер айналысады; Алматы (11,3%), Түркістан облысы (9,2%) және Шымкент қаласы (8,6%) респонденттері өлеңдер, әңгімелер жазады; Нұр-Сұлтан қаласы (10,4%) және Қызылорда облысының (9,8%) респонденттері сәндік-қолданбалы шығармашылықпен айналысады.


Маңғыстау (85,5%), Батыс Қазақстан (85,5%) және Қостанай (76,4%) облыстарының респонденттері шығармашылықпен айналыспайды.

Зерттеу деректерін талдау жастар үшін шығармашылықпен айналысу өзін-өзі таныту үшін маңызды екенін көрсетті. Мысалы, 22,6% респондент үшін өзін-өзі таныту «өте маңызды», 34,3% - «дәлірегі, маңызды» деп жауап берді. Осылайша, респонденттердің жартысынан көбі (56,9%) шығармашылық арқылы өзін-өзі танытуды маңызды деп санайды.

21% респондент үшін шығармашылық өзін-өзі таныту «дәлірегі, маңызды емес», ал 17,1% - «мүлдем маңызды емес» деп атап өтті. Жастардың 5,1% бөлігі жауап беруге қиналды (№25 диаграмма).

№25 диаграмма.

«Сіз үшін шығармашылық өзін-өзі таныту қаншалықты маңызды?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %-бен



Қазақстандағы жастардың шығармашылық қызметін дамыту және қолдау деңгейін бағалай отырып, респонденттердің жауаптары келесідей бөлінді. 67% респондент оны «орташа» және 19% - «жоғары» деп бағалады.

14% респондент шығармашыл жастарды қолдаудың төмен деңгейі туралы айтты (№26 диаграмма).

№26 диаграмма.

«Қазақстанда жастардың шығармашылық қызметін дамыту мен қолдау деңгейін қалай бағалайсыз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %-бен



Өңірлер тұрғысынан Қазақстанда жастардың шығармашылық қызметін дамыту мен қолдау деңгейін Қызылорда (45,7%), Ақмола (32,9%) және Шығыс Қазақстан (27,8%) облыстарының респонденттері жоғары; Нұр-Сұлтан қ. (90,4%), Солтүстік Қазақстан (81,1%) және Атырау (80,0%) облыстарының респонденттері орташа; Алматы қ. (23,0%), Қарағанды (21,0%) және Ақмола (19,7%) облыстарының респонденттері төмен деп бағалады.


Зерттеу деректерін талдау жастардың шығармашылық салада кәсіби жетістікке жету мүмкіндіктерін бағалауға мүмкіндік береді. Өйткені, респонденттерден шығармашылық салада мансап құрудың күрделілігі немесе оңайлығы туралы сұраққа жауап беру ұсынылды.

Сауалнамаға қатысушылардың көпшілігі жастардың шығармашылық кәсіпте жетістікке жету мүмкіндігіне күмәнмен қарайды - респонденттер бұл «өте қиын» (49,9%) немесе мүмкін емес деп (7,2%) санайды.


Екінші топты жас азаматтардың шығармашылық салада кәсіби тұрғыдан іске асырылуы айтарлықтай оңай (27,3%) және өте оңай (8,8%) екендігіне сенімді респонденттер құрайды. Осы сұраққа жауап беруге қиналған респонденттер бар (6,9%) (№27 диаграмма).

№27 диаграмма.


«Қалай ойлайсыз, қазіргі жастарға шығармашылық кәсіпте (музыкант, жазушы, әртіс және т.б.) мансап құру, жетістікке жету оңай ма?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %-бен



ЖАСТАР ӨМІРІНДЕГІ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ



Әдеттегідей оқу,
қашықтықтан оқуға
қарағанда ыңғайлы
деп санайды



Қашықтықтан
оқытуды енгізу
идеясын
қолдамайды

36,1%



Қашықтықтан
оқытудың
тиімділігін
«орташа»
деп бағалайды


36,9%



64,1%

Өздігінен білім
алумен бейресми
айналысады

БОС УАҚЫТ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ



Отбасымен аптасына
10 сағаттан артық
уақыт өткізеді

37,7%

Қазақстандағы
жастардың
шығармашылық
қызметін дамыту
мен қолдау
деңгейін
«орташа»
деп бағалайды


67%



Күн сайын
2-ден 5 сағатқа
дейін ғалам-
торда өткізеді

42,7%

Ешқандай шығармашылықпен
айналыспайды



63,4%

56,9%

Шығармашылық
тұрғыдан өзін-өзі
жетілдіруді маңызды
деп санайды



Достармен
қарым-қатынас жасау
үшін ғаламторды
пайдаланады

59,3%

Шығармашылық
мамандықта
жетістікке
жету «өте қиын»
деп санайды

49,9%

03 ЖАСТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК- ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

3.1. Кәсіптік бағдарлар таңдау

Жастардың дербес өмірге аяқ басуының маңызды кезеңі кәсіби өзін-өзі анықтау болып табылады. Жас адамның болашағы мамандықты дұрыс таңдауға байланысты. Мамандық таңдаудағы қиындықтар және жалпы еңбек нарығындағы тұрақсыздық соңғы уақытта қазіргі қоғам үшін маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Осыған байланысты кәсіби өзін-өзі анықтау және мансаптық бағдарлау процесі жеке адамның өмірлік бағдарларын анықтау тұрғысынан ғана емес, сонымен бірге жалпы қоғамдық даму перспективаларын бағалау тұрғысынан да маңызды. Еңбек ресурстарын тиімді пайдалану үшін жастарды сұранысқа ие мамандықтарға тарту, сондай-ақ көрсетілетін қызметтер нарығындағы үрдістерді анықтау үшін кәсіптік бағдарлау шараларына мониторинг жүргізу өте маңызды. Осыған байланысты мамандық таңдау және кәсіп игеру кезінде жастардың уәждері мен үміттерін жүйелі түрде зерттеу қажет.


Зерттеу барысында респонденттерге түлек болып жұмысқа орналасу кезінде колледжде немесе ЖОО білім алған мамандығына қаншалықты адал болып қалғаны туралы сұрақ қойылды. Сауалнама кезінде әлі жұмыс істемейтін (оқитын) жастардың контингенті 38,6%-ды құрады.

Оқушы жастарды алып тастағанда, нәтижелер көрсеткендей, жұмысқа орналасқан түлектердің басым бөлігі мамандығы бойынша жұмыс істемейтін болып шықты (40,1%). Сонымен қатар, өз бейініне сәйкес еңбек қызметімен айналысатын респонденттердің үлесі 38,3% құрады. Сауалнамаға қатысқан жастардың 19,2% қазіргі кәсіби қызметтері оқу кезінде алған мамандықпен шамалы байланысты.

Осылайша, респонденттердің оқу кезінде алған мамандығы бойынша жұмысқа орналасуы айтарлықтай төмен екені байқалады (№28 диаграмма).

№28 диаграмма.

«Сіздің қазіргі кәсіби қызметінің колледжде/ЖОО-да алған мамандықпен байланысты ма?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %-бен



Алынған нәтижелерді талдай отырып, жалпы алғанда, мамандық таңдау кезінде жастар өздерінің мүдделері мен әлеуметтік маңызды факторларды басшылыққа алғанын атап өткен жөн.

Респонденттердің көпшілігінде (39,4%) мамандық таңдау олардың жеке қызығушылығына сәйкес басымдық берілген. Тәрбиеде, құндылық бағдарларын қалыптастыруда және жалпы алғанда жеке тұлғаның белсенді азаматтық ұстанымы көрінісінде көп нәрсе тікелей ортаға байланысты. Ата-аналар мен жақын туыстардың үлгісі жастар үшін мінез-құлық үлгісі бола алады. Осыған байланысты, ата-аналардың пікірі (23,7%) респонденттер үшін мамандық таңдауда шешуші болғандығы анық.

Болашақ мамандықты таңдау кезінде гранттың болуы (6,4%), мектептегі кәсіби бағдар (4,4%) және достардың ұсыныстары (4%) маңызды болған.

Айта кету керек, мамандық таңдауға өмірлік жағдай (0,1%), жоғары жалақы (0,1%), мамандыққа сұраныс (0,1%) аз әсер етті.

Сауалнамаға қатысушылардың 14,2% әлі мектепте оқып жатқанын ескеру керек (№29 диаграмма).

№29 диаграмма.

«Сіздің мамандық таңдауыңызға кім немесе не ықпал етті?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %-бен



3.2. Кәсіпкерлік қызмет саласындағы жастардың тәжірибесі мен проблемалары


Бүгінде жастардың Қазақстанда кәсіпкерлікпен айналысу үшін нақтылы перспективалары бар. Бұл, сарапшылардың пікірінше, жастардың еңбек нарығының әлеуметтік және психологиялық талаптарына неғұрлым сәйкес келетіндігімен ғана емес, сонымен қатар жастар кәсіпкерлігін ынталандыру мен дамыту мәселелері мемлекеттік және өңірлік деңгейлерде жеткілікті деңгейде қолдау тауып жатқанымен де байланысты. Мысалы, өңірлерде 2019 жылдан бастап «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы жастарды кәсіпкерлік қызметпен айналысуға тарту арқылы олардың экономикалық белсенділігін арттыруға бағытталған «Жас кәсіпкер» жобасын іске асыруда. Пандемия кезеңінде кері экономикалық салдарларды еңсеру үшін салық жеңілдіктері берілді, төлемдер кейінге қалдырылды, кәсіпкерлер үшін жеңілдік шарттармен кредиттерді қайта қаржыландыру мүмкіндігі берілді.

Алайда, осыған қарамастан, зерттеу нәтижелері кәсіпкерлік қызмет жастар үшін тартымды емес екенін көрсетті. Қазіргі уақытта респонденттердің 4,2% ғана кәсіпкерлікпен айналысады, бұл айтарлықтай төмен көрсеткіш болып табылады. Бұл ретте респонденттердің көпшілігі (83,2%) кәсіпкерлік саласында практикалық тәжірибенің жоқтығын көрсетеді.

Сондай-ақ, 5,8% респонденттің бұрын осы секторда сәтті жұмыс тәжірибесі болған. Бизнесі жүргізудегі сәтсіз тәжірибені жас азаматтардың 5,9% көрсетті (№30 диаграмма).

№30 диаграмма.

«Сізде Қазақстан аумағында кәсіпкерлік қызметпен айналысу тәжірибесі болды ма?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %-бен



Өңірлік тұрғыда респонденттер арасында жас кәсіпкерлер саны бойынша Батыс Қазақстан (10,1%) және Алматы (9,1%) облыстары көшбасшы. Атырау (1,4%), Павлодар (1,4%) және Қостанай (1,1%) облыстарында кәсіпкерлер аз.

Зерттеу деректерін талдау көрсеткендей, кәсіпкерлік тәжірибесі бар адамдардың арасында (сауалнамаға қатысқандардың жалпы санынан 15,9% - 317 респондент), 27,5% жастар кәсіпкерлікпен айналысу кезінде проблемалары болмаған.

Алайда жастар кәсіпкерлігі саласында бірқатар негізгі проблемалық мәселелер бар, олар туралы жүргізілген сауалнама барысында қалған респонденттер мәлімдеді. Мысалы, сауалнамаға қатысушылардың 23,5% өз аймағындағы үй-жайлардың жалдау құны жоғары екенін атап өтті. Респонденттердің 12,2% еңбек нарығында білікті жұмысшылардың жоқтығы туралы мәлімдеді.

Сауалнамаға қатысушылар өз ісін бастау кезінде жоғары салық төлемдер (10,7%) және сыбайлас жемқорлық сипатындағы ұсыныстар (10,4%) болғанын атап өтті. Сондай-ақ, кәсіпкерлікпен айналысуға әсер ететін негізгі кемшілік ретінде жастар Қазақстанда бизнесті кәсіби емес (әдепсіз) жүргізуді көрсетеді (7,3%).

Респонденттердің аз бөлігі білімнің жеткіліксіздігін (0,3%) және салық қызметіндегі бюрократияны (0,3%) көрсетті. Жастардың 7,6% бөлігі жауап беруге қиналды (№31 диаграмма).

№31 диаграмма.

«Сіз кәсіпкерлікпен айналысқан кезде қандай проблемаларға тап болдыңыз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %-бен



3.3. Жастардың әлеуметтік осал тобының жай-күйі мен мүмкіндіктері

Халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің маңызды салаларының бірі халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын жастарды қолдау болып табылады. Қазақстан заңнамасында халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына әртүрлі жағдайларға байланысты тұрғын үйінен, асыраушысынан немесе еңбек ету қабілетінен айырылған (немесе қабілеті жоқ) азаматтар жатады.


Жалпы алғанда, әлеуметтік қорғау жүйесіне қанағаттану жастардың халықтың әлеуметтік осал санаттарына лайықты өмір сүру жағдайларын қамтамасыз етуге бағытталған мемлекет жүргізетін шаралардың нәтижелеріне деген көзқарасын көрсетеді. Қанағаттанушылықты бағалау белгілі бір дәрежеде жас азаматтардың үміттерінің нақты мемлекеттік қолдауға сәйкестігін анықтауға ықпал етеді.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, респонденттердің көпшілігі (59,8%) жастардың әлеуметтік осал санатына қатысты мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдауға қандай да бір дәрежеде қанағаттанады. Жастардың 18,5% бөлігі толық қанағаттанады, 41,3% - ішінара қанағаттанады. Респонденттердің үштен бір бөлігі халықтың әлеуметтік осал топтарын мемлекеттік қолдау деңгейіне қанағаттанбайтынын айтты.

Респонденттердің 8,6% осы сұраққа жауап беруге қиналды (№32 диаграмма).

№32 диаграмма.


«Халықтың осал топтарына жататын жастарды (мүгедектер, жетім балалар, көп балалы отбасылар және т.б.) қолдау деңгейіне қанағаттанасыз ба?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %-бен



Айта кету керек, респонденттердің қанағаттану деңгейі елді мекен түріне байланысты біршама ерекшеленеді. Ауылдық жерлерде тұратын респонденттер әлеуметтік осал топтағы жастарды қолдауды айтарлықтай жоғары бағалайды. Мәселен, жоғарыда аталған қолдауға ауыл тұрғындарының 24,6% бөлігі толық қанағаттанады, ал қалада мұндай респонденттер үлесі - 13,8%. Алайда, ауылдық респонденттердің жауаптарына сәйкес, ауылда әлеуметтік осал топтардағы жастарды мемлекеттік қолдауына толық қанағаттанбайтындар көп (11,4%) (№33 диаграмма).

№33 диаграмма.

«Халықтың осал топтарына жататын жастарды (мүгедектер, жетім балалар, көп балалы отбасылар және т.б.) қолдау деңгейіне қанағаттанасыз ба?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, елді мекен типі тұрғысынан, %-бен




Сауалнамаға қатысушылардың жауаптарын талдау көрсеткендей, Шығыс Қазақстан (39,8%), Ақмола (35,5%) және Қызылорда (31,9%) облыстарында тұратын респонденттердің көпшілігі жастарды қолдау деңгейіне толық қанағаттанады. Солтүстік Қазақстан облысы (67,9%), Нұр-Сұлтан қ. (63,5%) және Атырау облысының (55,7%) респонденттері ішінара қанағаттанады. Түркістан (29%), Қарағанды (15,4%), сондай-ақ Қызылорда (13,2%) облыстарының респонденттері қанағаттанбайды.

Сауалнама барысында респонденттерге өз елді мекендеріндегі ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін қалалық инфрақұрылымды қамтамасыз ету деңгейін бағалау ұсынылды. Осылайша, жас азаматтардың жауаптары келесідей бөлінді. Респонденттердің жартысынан көбі (56,9%) ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін тиісті инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуіне орташа баға берді (ішінара қамтамасыз етілген).

Сұралғандардың 15,4% инфрақұрылымның дамуын жоғары, яғни толық қамтамасыз етілген деген баға берді. 21,4% жастар ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін қалалық инфрақұрылым объектілеріне қол жеткізу мүмкіндігіне төмен баға берді. Ал 6,3% респондент жауап беруге қиналды (№34 диаграмма).

№34 диаграмма.


«Өтінемін, елді мекеніңізде ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін қалалық инфрақұрылымды (пандустар, арнайы көтергіштер және т.б.) қамтамасыз ету деңгейін бағалаңыз» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %-бен



Ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін қазақстандық білім беру жүйесінің қолайлылығын бағалай отырып, сұралған жастардың көпшілігі білім беру жүйесін қолайлы деп санайды. Өйткені, респонденттердің 26% білім беру жүйесін «қолайлы», Ал 36% «дәлірегі, қолайлы» деп бағалады. Респонденттердің 29,6% бөлігі білім беру жүйесін қолайсыз деп сипаттайды («дәлірегі, қолайсыз» – 19,1%, «қолайсыз» – 10,5%). Бұл ретте респонденттердің 8,5% үлесі сұраққа жауап беруге қиналды (№35 диаграмма).

№35 диаграмма.

«Сіз қазақстандық білім беру жүйесін ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін қолайлы деп санайсыз ба?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %-бен




ЖАСТАРДЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ



40,1%

Жұмысқа
орналасқан
түлектер мамандығы
бойынша жұмыс
істемейді



Мамандықты таңдау
мамандыққа деген
жеке қызығушылы-
ғымен байланысты


Кәсіпкерлікпен айналысады



4,2%



Кәсіпкерлік тәжірибесі жоқ



04 ҚАЗІРГІ ЖАСТАРДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛАРЫ МЕН МҮДДЕЛЕРІ

4.1. Жастардың құндылық бағдары

Жастардың құндылық бағдарларын зерделеу ерекше маңызға ие, өйткені жас азаматтардың тілектерін, мақсаттары мен қажеттіліктерін білу және түсіну өзекті мәселелерді уақтылы анықтауға және сол арқылы тиімді мемлекеттік жастар саясатын құруға мүмкіндік береді.

Жастардың құндылық жүйесін анықтау мақсатында респонденттерге ұсынылған тізімнен ең маңызды ұғымды таңдау ұсынылды (№3 кесте).

Алынған нәтижелерге сәйкес, жас респонденттер арасында құндылықтардың басым бөлігі отбасы (85,2%), денсаулық (51,8%) және достық (28,3%) сияқты дәстүрлі құндылықтар алды. Респонденттердің 15,4% үшін ең жоғары құндылық дін, 14,8% - материалдық қауіпсіздік және 12,1% - сүйіспеншілік. Сондай-ақ респонденттер білім беру (11,0%), өзін-өзі таныту (8,4%) және қызықты жұмыс (7,8%) өздері үшін құнды екенін атап өтті.

Айта кету керек, жастарда биліктің болуына (2,2%), қоғамдық мойындауға (1,7%) және шығармашылыққа (1,5%) деген қажеттілік жоқ. Респонденттердің тек 0,5% бөлігі қойылған сұраққа жауап беруге қиналған (№3 кесте).

№3 кесте.

«Сіз үшін өмірде не нәрсе ең жоғары құндылыққа ие?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі

№	Құндылықтар жүйесі	%
1.	Отбасы	85,2
2.	Денсаулық	51,8
3.	Достық	28,3
4.	Сенім, дін	15,4
5.	Материалдық қамтамасыз етілген өмір	14,8
6.	Сүйіспеншілік	12,1
7.	Білім	11,0
8.	Өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі құрметтеу	8,4
9.	Қызықты жұмыс, мамандық	7,8
10.	Жан тыныштығы	7,6
11.	Мансап, қоғамдағы жоғары орын	5,9
12.	Адамдарға көмектесу	4,9
13.	Ойын-сауық, көңіл көтеру мүмкіндігі	4,2
14.	Биліктің болуы	2,2
15.	Қоғамдық тану, атақ, бедел	1,7
16.	Шығармашылық	1,5
17.	Аталғанның барлығы	0,1
18.	Жауап беруге қиналамын	0,5

Сондай-ақ, сауалнама нәтижелері жастардың әр тобында өз басымдықтары бар екенін көрсетті.

«Отбасы», «денсаулық» және «достық» құндылықтары болатын басым үштігінен кейін 14-18 жас аралығындағы жастар білім беруді (15,7%), дінді (14,3%) және материалдық қамтамасыз етуді (9,9%) таңдады.

Ал 19-23 жас аралығындағы жастардың өмірлік құндылықтар жүйесінде дін (19,4%), материалдық қамтамасыз ету (16,3%) және сүйіспеншілік (12,7%) бар.

Келесі 24-28 жастағы респонденттер үшін материалдық қамтамасыз етілу (17,1%), сүйіспеншілік (14,1%) және дін (13,3%) маңызды құндылық бағдарлары болып саналады (№4 кесте).

№4 кесте.

«Сіз үшін өмірде не нәрсе ең жоғары құндылыққа ие?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, жас тобы тұрғысынан, %-бен

	14 - 18 жас	19 - 23 жас	24 - 28 жас
Отбасы	84,0	83,2	87,4
Денсаулық	48,5	49,7	55,7
Достық	33,7	26,8	25,5
Білім	15,7	11,7	7,1
Сенім, дін	14,3	19,4	13,3
Материалдық қамтамасыз етілген өмір	9,9	16,3	17,1
Сүйіспеншілік	8,6	12,7	14,1
Қызықты жұмыс, мамандық	7,1	7,5	8,6
Өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі құрметтеу	6,9	9,0	8,9
Ойын-сауық, көңіл көтеру мүмкіндігі	6,2	4,1	2,8
Мансап, қоғамдағы жоғары орын	5,9	6,1	5,8
Жан тыныштығы	5,7	8,1	8,6
Адамдарға көмек	5,1	4,4	5,1
Шығармашылық	2,7	1,7	0,5
Биліктің болуы	1,9	2,7	2,0
Қоғамдық танылу, атақ, бедел	1,5	1,4	2,1
Аталғанның барлығы	0,0	0,2	0,0
Жауап беруге қиналамын	1,0	0,0	0,4

Өңірлік тұрғыдан, Батыс Қазақстан (33,3%), Маңғыстау (31,6%) және Қызылорда (25%) облыстарында тұратын респонденттер дінді өмірлік құндылық ретінде белгілегенін айта кету керек.

Жастардың әр түрлі жастағы топтарының құндылық бағдарларындағы айырмашылықтар едәуір болуы мүмкін, сондықтан оларды мемлекеттік жастар саясатын жоспарлау және іске асыру кезінде, сондай-ақ жас ұрпақты патриоттық тәрбиелеуге бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру кезінде ескеру қажет.

Жеке тұлғаның құндылық бағдарларының қалыптасуы әртүрлі институционалдық факторлардың әсерінен әлеуметтену процесінде орын алады. Негізгісін анықтау үшін сауалнамаға жастар құндылықтарын қалыптастыру кезінде көрсетілген әлеуметтік институттардың қайсысы негізгі болып табылатыны туралы сұрақ енгізілді.

Респонденттерге мыналар ұсынылды: отбасы институты, балабақша, мектеп, университет, жұмыс орны, БАҚ және т.б.

Нәтижесінде, жастар құндылықтарын қалыптастырудың негізгі институты отбасы (72,1%); екінші орында – мектеп (11,4%). Респонденттердің 5,5% бөлігі достары мен таныстарын атап өтті. 4,2% респондент үшін бастысы - университет. Респонденттердің жарты пайызы өмірлік құндылықтарын қалыптастыруға ықпал ететін басты әлеуметтік институттар БАҚ (0,5%) және дін (0,5%) деп белгіледі (№36 диаграмма).

№36 диаграмма.


«Сіздің ойыңызша, жастардың құндылықтарын қалыптастыру кезінде қандай әлеуметтік институт негізгі болып табылады?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %-бен



Әлеуметтік нормалар мен құндылықтарды қаланған жеке тұлғаны әлеуметтендірудің негізгі ортасы отбасы екенін ескере отырып, жастардың дүниетанымы олардың ата-аналарының белгілі бір сенімдеріне ұқсас болуы мүмкін. Респонденттердің көпшілігі осы көзқарасты ұстанады. Сонымен, олардың құндылықтары мен дүниеге деген көзқарастарының ата-аналармен ұқсастығын салыстыра отырып, респонденттердің 44,1% бөлігі «тек жалпы мағынада» ұқсас деп санайды және 35,3% «өте ұқсас» деп атап өтті. Жастардың құндылықтары мен олардың ата-аналарының дүниеге деген көзқарасы «әртүрлі» екеніне сенімді респонденттердің үлесі - 18,4% (№37 диаграмма).

№37 диаграмма.

«Қалай ойлайсыз, Сіздің құндылықтарыңыз бен дүниеге деген көзқарасыңыз ата-анаңыздың құндылықтары мен дүниеге деген көзқарасына ұқсас па?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %-бен




4.2. Жастардың тілдік қалаулары

Ана тілі мен жастардың ұлтаралық қарым-қатынас тіліне деген құндылықты көзқарасын жастар ортасында тілдердің қолданылуын зерттеу арқылы байқауға болады.

Респонденттердің үйде тілді қолдану деңгейі туралы сұраққа жауаптарының нәтижелері жастардың басым бөлігі қазақ (50,4%) және орыс (32,4%) тілдерінде сөйлейтінін көрсетеді. Сауалнамаға қатысушылардың 16,2% туыстарымен қарым-қатынаста екі тілді қолданатыны туралы айтты. Сондай-ақ, респонденттер күрд, ұйғыр, армян, әзірбайжан, өзбек және қырғыз сияқты түрлі этностық топтардың тілдерін атады.

№38 диаграмма.


«Сіз үйде туыстарыңызбен қай тілде сөйлесесіз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %-бен



Достармен қарым-қатынас жасау кезінде жастардың тілдік қалауының жағдайы басқаша. Мәселен, 39,5% респондент қазақ тілінде, 36% - орыс тілінде сөйлейді. 24,4% респондент достарымен екі тілде сөйлеседі.

№39 диаграмма.

«Сіз достарыңызбен қай тілде сөйлесесіз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %-бен



4.3. Жастардың дінге көзқарасы

Жастар өміріндегі дін саласын зерттеудің өзектілігі қазіргі әлемдегі діннің рөлімен байланысты. Атап айтқанда, дін құндылықтар жүйесін, сондай-ақ қоғамның, оның ішінде жастардың тиісті мінез-құлық нормаларын дамытуға және қалыптастыруға әсер етеді.

Жастардың діни түсініктерін анықтау мақсатында респонденттерге олардың діни сеніміне қатысты бірқатар сұрақтар қойылды.

Зерттеу нәтижелері қазақстандық жастар үшін номинативті діншілдік тән екенін көрсетті, олар өздерін діншіл деп атағанмен, діншілдікті жүзеге асыруды маңызды деп санамайды.

Сауалнама жауаптарына сәйкес, респонденттердің 14,2% өздерін толық діншіл және діни нормаларды ұстанушылар деп санайды. Респонденттердің көпшілігі өздерін діншіл деп санайды, бірақ діни мекемелерге тек мерекеде барумен шектеледі (30,4%); ал сұралғандардың 22,2% өздерін діншіл деп санаса да, бірақ діни өмірге араласпайды.

Діни салттарды кейде ұстанатын, дінге сенбейтін респонденттер үлесі - 11,9%. 5,6% респондент дінге немқұрайлы қарайды, ал 2,8% - өздерін атеист деп мойындайды (№40 диаграмма).

№40 диаграмма.

«Өтінемін, айтыңызшы, Сіз өзіңізді діншіл адам санайсыз ба?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %-бен



Жастардың діншілдік деңгейінің дифференциациялық факторы респонденттердің тұрғылықты жері болды.

Қала мен ауыл тұрғындарының арасында респонденттердің діни сеніміне қатысты жауаптарда белгілі бір айырмашылық бар. Мысалы, ауыл жастары қалалық жастарға қарағанда өздерін діншіл деп санайды, діни өмірге қатысады және барлық нормаларды сақтайды (тиісінше 15,7% және 13,0%). Қалалық респонденттер өздерін діншіл деп санайды, бірақ діни объектілерге мереке күндері ғана барады - 36,6%, АЛ ауыл респонденттері - 22,2%.

Қалалық респонденттер арасында ауыл жастарына қарағанда өздерін атеистерге жатқызатындар көбірек (тиісінше 4,2% және 0,8%) (№41 диаграмма).

№41 диаграмма.

«Өтінемін, айтыңызшы, Сіз өзіңізді діншіл адам санайсыз ба?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, елді мекен типі тұрғысынан, %-бен



Өңірлер тұрғысынан дінге сенушілер мен діни нормаларды сақтаушылар қатарына Маңғыстау (36,8%), Шығыс Қазақстан (34,1%) және Батыс Қазақстан (31,9%) облыстарының респонденттері жатады. Нұр-Сұлтан қ. (74,8%), Батыс Қазақстан (56,5%) және Павлодар (39,7%) облыстарында тұратын респонденттер өздерін діншіл деп санайды, бірақ діни мекемелерге тек мерекелерде барумен шектеледі. Ақтөбе (37,1%), Солтүстік Қазақстан (34%), Қостанай (33,7%) және Жамбыл (33,6%) облыстарының респонденттері өздерін діншіл деп санайды, бірақ діни өмірге қатыспайды.

Дінге сенбейтін, бірақ діни салттарды сақтайтындар қатарына Қызылорда (27,2%), Түркістан (20,9%) және Ақмола (18,4%) облыстарының респонденттері жатады. Павлодар (12,3%), Шығыс Қазақстан (8,3%) және Қарағанды (7,7%) облыстарында тұратын сауалнамаға қатысқан жастар өздерін атеист деп көрсеткен.

Жастарды конфессиялық сәйкестендіруді анықтау үшін сауалнамаға қатысушыларға мынадай сұрақ қойылды: «Сіз өзіңізді қандай дінге жатқызасыз?» (№5 кесте).

Сауалнамаға қатысушылардың негізгі бөлігі (73,4%) дәстүрлі исламды ұстанады. Жастардың 16,9% бөлігі өздерін православие өкілі ретінде анықтады.

Христиандықтың католицизм (0,7%) және протестантизм (0,3%) өкілдері көп емес. Сонымен қатар, сауалнамаға қатысушылардың аз көлемі «әртүрлі конфессиялардың діни дәстүрлерін ұстанамын» - 0,4%, «иудаизм» және «жаңа діни бағыттар» - 0,2% деп көрсеткен.

Сондай-ақ, сауалнамаға қатысушылардың арасында «пұтқа табынушылық», «Иегова куәгерлері» сияқты дәстүрлі емес діндерді жақтаушылар 0,1% құрады.

7,8% респондент «ешқандай дінді ұстанбайтынын» айтты.

№5 кесте.

«Сіз өзіңізді қандай дінге жатқызасыз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі

Жауаптың нұсқалары	%
Дәстүрлі ислам	73,4
Православие	16,9
Католицизм	0,7
Әртүрлі конфессиялардың діни дәстүрлерін қатар ұстанамын	0,4
Протестантизм	0,3
Иудаизм	0,2
Жаңа діни бағыттар	0,2
Пұтқа табынушылық	0,1
Иегова куәгерлері	0,1
Растафаризм	0,1
Бәріне сенемін	0,1
Ешқандай дінді ұстанбаймын	7,8

Зерттеу нәтижелері бойынша қазіргі жастар діни сенімге әртүрлі жолдармен келеді. Біріншісі - отбасында қабылданған өмір салты «туғаннан бері осылай қалыптасты» (34,1%), екіншісі – жақын орта (19,2%).

Ал респонденттердің 4% өмірдегі қалыптыдан тыс немесе трагедиялық деп қабылданған маңызды оқиға арқылы дінге келген.

Жастардың діни сенімдерінің қалыптасуына имам, діни қызметкер, миссионермен (1,9%) әңгімелесу және «қоғамдағы діншілдіктің сәнді болу үрдістері» (0,5%) ең аз әсер еткен.

Сауалнамаға қатысушылардың 26,6% бөлігі сенімге қатысты таңдауға ештеңе әсер еткен жоқ деп жауап берді (№42 диаграмма).

№42 диаграмма.


«Өтінемін, айтыңызшы, Сіздің діни сеніміңізге, Сіздің діншіл немесе діншіл емес болу таңдауыңызға кім немесе не көбірек әсер етті?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %-бен



Респонденттердің этникалық негізде конфессияны таңдау жауаптары бойынша белгілі бір сенімге бейімділік нақтылы этностық топта туылу фактісіне байланысты деп болжауға болады. Мысалы, қазақтар дәстүрлі исламды (91,7%), орыстар – православиені (70,4%) ұстанады (№43 диаграмма).

№43 диаграмма.

«Сіз өзіңізді қай дінге жатқызасыз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, этностық тиістілік (ұлт) тұрғысынан, %-бен




Мемлекеттің жастар арасындағы этносаралық саясатын бағалай отырып, респонденттердің жауаптары келесідей бөлінді. 80% астам респонденттер этносаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты оң бағалады, «дәлірегі, оң» ДЕП - 43,9%, АЛ «оң» ДЕП - 36,5%.

Барлық респонденттердің оннан бір бөлігі өз бағаларында сыни көзқарас танытты. Мысалы, респонденттердің 8,1% бөлігі мемлекеттік саясатты «дәлірегі, теріс» десе, ал 2,6% бөлігі «теріс» бағалады (№44 диаграмма).

№44 диаграмма.

«Сіз мемлекеттің жастар ортасындағы этносаралық саясатын қалай бағалайсыз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %-бен



Бұл бағалау көрсеткіші іс жүзінде гендерге, білім деңгейіне немесе елді мекен түріне тәуелді емес – көрсеткіштер іс жүзінде өзгермейді, көбінесе «дәлірегі, оң» деген баға кездеседі. Аздаған айырмашылық басқа этностар өкілдерінің бағалауында ғана байқалады. Мысалы, сұралған басқа ұлт өкілдері 15,7% «теріс» және «дәлірегі, теріс» деген баға берді. Сонымен қатар, орыс жастардың 9,6% және басқа ұлт

өкілдерінің 11% бөлігі жауап беруге қиналды. Респонденттердің бағалау көрсеткіштерінде көрсетілген қанағаттанбаушылық этносаралық саясат шеңберінде жүргізілетін этностарға қатысты жеткіліксіз шаралар туралы айғақтауы мүмкін.

№6 кесте.

«Сіз мемлекеттің жастар ортасындағы этносаралық саясатын қалай бағалайсыз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, ұлттық негізде, %-бен

Баға/этностық тиістілік	Қазақ	Орыс	Басқалары
Оң	40,5	22,7	29,3
Дәлірегі, оң	41,9	51,9	44,8
Дәлірегі, теріс	6,7	12,2	11,6
Теріс	2,2	3,5	3,3
Жауап беруге қиналамын	8,6	9,6	11


4.4. Пандемия/карантин кезеңіндегі жастардың әлеуметтік жағдайы

Елде COVID-19 коронавирусының таралуына байланысты төтенше жағдайдың енгізілуі қазақстандықтардың, оның ішінде жас ұрпақтың өміріне елеулі өзгерістер енгізді. Зерттеудің бірқатар сұрақтары ТЖ және карантин кезеңіндегі жастардың әдеттегі өміріндегі ықтимал болуы өзгерістерді анықтауға арналады.

Зерттеуде респонденттерге карантин кезеңінде бір үйде тұратын адамдармен қарым-қатынасы туралы сұрақ қойылды. Сонымен, «Сіз бір пәтерде/үйде тұратын адамдармен карантиннің барлық кезеңінде қарым-қатынасыңыз қалай өзгерді?» деген сұраққа сауалнамаға қатысушылардың жартысынан көбі «өзгеріссіз қалды» деп жауап берді (57,3%). Респонденттердің 37,5% бірге тұратын адамдармен қарым-қатынас «нығайғанын» байқады. Респонденттердің жалпы санының тек 4,1% бөлігі үйде ахуалдың нашарлағаны туралы айтты (№45 диаграмма).

№45 диаграмма.

«Сіз бір пәтерде/үйде тұратын адамдармен карантиннің барлық кезеңінде қарым-қатынасыңыз қалай өзгерді?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %-бен



Көптеген ұйымдардың, соның ішінде оқу орындарының қызметін тоқтата тұруға, карантин кезіндегі іс-шаралардың өткізілмеуіне байланысты көптеген респонденттер әдеттегі өмір салтынан бас тартуға мәжбүр болды.

Сауалнамаға сәйкес, карантин кезінде жас азаматтар уақытының көп бөлігін белсенді емес, отбасымен (57%), фильмдер көріп (39,1%) және кітап оқып (24,2%) өткізді.

Карантин кезеңінде көптеген білім беру ұйымдары мен мекемелерінің қызметі қашықтықтан оқыту форматына көшірілгенін ескере отырып, респонденттердің жартысынан көбі қашықтықтан оқыды және жұмыс істеді (53%). Уақытты өткізудің белсенді түрі ретінде жастардың 16,7% бөлігі спортпен шұғылдануды атады. Респонденттердің аз саны өзін-өзі дамытумен (9,8%), үй жұмыстарымен (0,8%) және шығармашылықпен (0,2%) айналысқанын атап өтті (№46 диаграмма).

№46 диаграмма.

«Сіз карантин кезінде үйде немен айналыстыңыз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %-бен



Адамдарға ақысыз көмек көрсетуге дайын болу және адамгершілік адамның жеке дамуының маңызды құндылықтары болып табылады. Бұл құндылықтарды көрсетудің бір түрі - волонтерлік.


Қазақстанда 2020 жыл Волонтерлер жылы деп жарияланғанын, сондай-ақ пандемия қазақстандықтарды әлеуметтік осал азаматтарға көмектесуге біріктіргенін ескере отырып, зерттеуге ТЖ және карантин кезеңінде жастардың волонтерлік қызметке қатысуы туралы сұрақ енгізілді.

Сауалнама нәтижелеріне сәйкес, көрсетілген кезеңде респонденттердің тек 11,8% бөлігі мұқтаж адамдарға волонтер ретінде көмек көрсетуге қатысқан. Жас респонденттердің басым бөлігі волонтерлік қызметке қатысқан жоқ (86,7%) (№47 диаграмма).

Осы кезеңде волонтерлік қызметке қатысу көрсеткішінің төмендігі азаматтардың тұратын аумақта (қала/ауыл) және жалпы елде еркін жүріп-тұруына шектеулер енгізумен байланысты болуы мүмкін.

№47 диаграмма.

«Сіз ТЖ және карантин кезеңінде волонтерлік қызметке қатыстыңыз ба?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %-бен



Жүргізілген сауалнама нәтижелері көрсеткендей, енгізілген ТЖ және карантин режимі көптеген жас азаматтардың кәсіби қызметіне айтарлықтай өзгерістер енгізді.

Мысалы, 20,8% респондент қашықтықтан жұмыс форматына көшті. 15,2% респондент үшін жұмыс көлемі артып, олар жұмысын жалғастырды. 13,2% респондент жұмысынан айырылғанын атап өтті. 5,4% респондент табысынан айырылса да, жұмысын жалғастыра берді.

Енгізілген шектеулер жас мамандардың тек 1,7% бөлігінің кәсіби қызметіне ешқандай әсер еткен жоқ. 38,7% респондент білім алып жүргенін және әлі жұмыс істемейтінін атап өтті (№48 диаграмма).

№48 диаграмма.


«ТЖ режимі мен карантин сіздің жұмысыңызға қалай әсер етті?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %-бен



Дағдарыс пен коронавирустың таралуына қарсы күрес жағдайында жастардың болашаққа деген сенімі әсіресе маңызды болып табылады. Әлеуметтік сауалнама деректері жастардың болашаққа сеніммен қарайтынын көрсетеді. Сауалнамаға жауап берген респонденттердің 46,2% болашаққа «бәрі жақсы болады деп үміттенеміз» деп жауап берді. Жас азаматтардың 35,2% болашаққа сеніммен қарайды. Алайда, респонденттердің арасында скептикалық пікірлер де болды: респонденттердің 11,8% болашаққа сенімсіздік білдірді. Сондай-ақ мазасыз және пессимистік көңіл-күйлер анықталды: жастардың 4,3% өз болашағына «қорқыныш және үмітсіздікпен» қарайды. Қойылған сұраққа жауап беруге қиналған респонденттер бар (2,7%) (№49 диаграмма).

№49 диаграмма.

Распределение ответов на вопрос: «В свете последних событий, связанных с карантином, с каким чувством Вы смотрите в будущее?», в %



Әр түрлі жастар тобы тұрғысынан салыстырғанда болашаққа қатысты ең оптимистік көзқарас - ең кіші топ 14-18 жас аралығындағы жастар көрсетті – 39,1%. Белгісіздік пен қорқыныш сезімі көбінесе 24-28 жас аралығындағы жастарға тән - 19,2% (№7 кесте).

№7 кесте.

«Карантинге байланысты соңғы оқиғалар аясында сіз болашаққа қандай сезіммен қарайсыз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, жас тобы тұрғысынан, %-бен

	14 - 18 жас	19 - 23 жас	24 - 28 жас
Барлығы жақсы болады деген сеніммен	39,1	35,3	32,3
Барлығы жақсы болады деген үмітпен	45,3	47,0	46,1
Сенімсіздікпен	8,4	11,7	14,2
Қорқыныш және үмітсіздікпен	3,7	3,7	5,0
Жауап беруге қиналамын	3,5	2,2	2,3

4.5. Патриотизм және қазақстандық жастар арасындағы танымал трендтер

Зерттеуде жастар ортасындағы құндылықтарды зерделеуге ерекше мән беріледі, өйткені отаншылдық жеке тұлғаны құндылықты бағдарлау ретінде ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың негізгі факторы болып табылады. Патриотизм құндылықтарын түсіну мақсатында жас респонденттерге бірқатар сұрақтар қойылды.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жастарға «пассивті» патриотизм тән және патриотизмді эмоционалды-сезімдік қабылдау басым болып қала береді. Сонымен, респонденттердің 53,3%-ы үшін патриотизм, өз еліне деген эмоционалды тұрғыдан – сүйіспеншілік, құрмет және мақтаныш сезімдерімен байланысты.

Жастардың 38,9%-ы патриотизм әскердегі қызметпен, Отанын қорғауға әзірлікпен байланыстырады. Зерттеуге қатысушылардың 32,1% бөлігін патриотизм адалдық және әдептілікпен байланыстырады. Респонденттердің 28,3%-ы үшін бұл ел игілігі үшін атқарылатын жақсы, адал жұмыс.

«Патриот емеспін» деген жауапты тек 1 респондент берді. Жастардың 1,6%-ы патриотизм туралы сұраққа жауап беруге қиналды (№50 диаграмма).

№50 диаграмма.

«Сіздің ойыңызша, патриотизм қандай әрекеттерден, іс-қимылдардан көрінеді?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %-бен




Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, респонденттер патриотизм барлық жас топтарына – жастарға да, орта және қарт адамдарға да (46,6%) бірдей тән деп санайды.

Бұл ретте респонденттердің 23,3% өздерін патриотизм құндылықтар иесі болып табылатын топқа жатқызады.

Сауалнамаға қатысушылардың пікірінше, патриотизм сезімі орта жастағы адамдарға (14,5%) және қарт адамдарға (12,9%) тән (№51 диаграмма).

№51 диаграмма.

«Сіздің ойыңызша, патриотизм кімдерге көбірек тән: жастарға, орта жастағы адамдарға әлде қарттарға ма?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %-бен



Жастар ортасында болып жатқан үрдістерді анықтау үшін жастардан қазіргі уақытта кең таралған ең танымал трендтер туралы сұрақ қойылды.

Қазақстандық жастар арасында ең таралған тренд - салауатты өмір салты (48,6%). Келесі таралуы бойынша барған сайын өзектілікке ие болып келе жатқан волонтерлік (47,1%), үшінші орында саяхат - 28,7%. Сауалнамаға қатысқан жастардың төрттен бір бөлігі азаматтық белсенділіктің танымалдығы туралы пікір білдірді (23,1%).

Әлеуметтік желілерде уақыт өткізуді тренд ретінде 0,2% респондент ғана атап өтті (№52 диаграмма).

№52 диаграмма.

«Өтінемін, қазіргі уақытта қазақстандық жастардың ең танымал трендтерін атап өтіңізші?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %-бен



4.6. Жастардың «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру туралы хабардарлығы


Қазақстанда қоғамның азаматтық дамуына бағытталған бірқатар бағдарламалық құжаттар іске асырылуда. Ұлттың рухани дамуы, атап айтқанда, отаншылдықты қалыптастыру, дәстүрлерді, мәдениетті және өзіндік ұлттық кодты сақтау басымдықтарына айналған негізгі идеологиялық бағдарлама «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасы болып табылады.

Зерттеу барысында респонденттерге осы бағдарламаны іске асыру туралы хабардарлық деңгейін бағалау ұсынылды.

21,8% респондент бұл бағдарлама не туралы және не үшін іске асырылып жатқанын біледі. Жалпы алғанда, сауалнамаға қатысушылардың 33,8% бөлігі бағдарлама туралы біледі. Бағдарламаның атауын жастардың 29,2%-ы ғана біледі. 12,5% респондент мұндай бағдарлама туралы бірінші рет естігендерін айтты (№53 диаграмма).

№53 диаграмма.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру туралы хабардарлық деңгейіңізді бағалаңыз» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %-бен



Өңірлер тұрғысынан респонденттердің жауаптары келесідей болды. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының не туралы және не үшін іске асырылып жатқанын Қызылорда (46,7%), Маңғыстау (40,8%) облыстарының және Шымкент қаласының (37,5%) респонденттері біледі. Солтүстік Қазақстан (52,8%), Алматы (44,5%) және Шығыс Қазақстан (43,6%) облыстарының респонденттері бағдарламаның жалпы қырларынан ғана хабардар. Нұр-Сұлтан қ. (53%), Атырау (44,3%) және Ақтөбе (38,1%) облыстарында тұратын жастар бағдарламаның атауын ғана білетіндігін айтты. Қарағанды облысының (26,6%), Алматы қ. (24,4%), Ақтөбе (20,6%) және Батыс Қазақстан облыстары (20,3%) респонденттерінің көпшілігі бұл бағдарлама туралы бірінші рет естіген.

ЖАСТАР ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ



Бәрі жақсы болады деген үміт пен сенім сезімімен болашаққа қарайды

81,4%



Қазақстанда кемсітушіліктің және құқықтардың бұзылуының болмауын атап өтеді



72,1%

Жастар құндылықтарын қалыптастырудың басты институты отбасы болып табылады

Үйде туыстарымен қарым-қатынас тілі

50,4%

қазақ тілі



орыс тілі

32,4%

Өздерінің құндылықтары мен әлемге деген көзқарасы ата-аналарымен ұқсастығын тек жалпы түрде атап өтеді

44,1%

30,4%

Діни нормаларды сирек сақтайды, мешітке, шіркеуге және т.б. тек мерекелерде барады



Қазақстандық жастардың трендтер - салауатты өмір салты, волонтерлік, саяхат

53,3%

Патриотизм өз еліне деген эмоционалды сезімдермен – махаббат, құрмет және мақтанш сезімдерімен байланыстырады




Негізгі құндылықтар:




Достарымен сөйлеседі:

39,5%




қазақ тілінде

36%



орыс тілінде

24,4%



екі тілде



Әскери қызметке оң көзқарасын білдіреді

59,6%



Әскери қызмет барлық ер адамдар үшін міндетті деп санайды

51,9%



Әскери қызметте ең қиыны әскери тәртіп және армиялық ережелерді сақтау деп саналады

37%



05 ЖАСТАР ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ПРОЦЕСТЕРДЕ

Азаматтық қоғамды дамытудың негізгі факторларының бірі жастарды қоғамдық өмірге белсенді тарту болып табылатыны баршаға мәлім. Жастардың қоғамдық өмірдегі рөлі мен орны оның мемлекеттік және әлеуметтік даму процестеріне қатысуға әзірлік деңгейімен анықталады. Демек, жастарды қоғамдық-саяси процестерге белсенді қатысуға тарту және қолдау мемлекеттің стратегиялық ресурстарын дамытуға үлес ретінде қарастырылуы мүмкін.

Жастардың қоғамдық өмірдегі белсенділікке деген ынтасын қалыптастыру негізінде елде болып жатқан оқиғалар туралы ақпаратқа қызығушылық, сондай-ақ мемлекеттік шешімдер қабылдауға және жалпы саяси процестерге ықпал ету мүмкіндігі жатыр.

5.1. Қазақстанда болып жатқан оқиғалар туралы ақпарат алу көздері

Сауалнама нәтижелері жастардың Қазақстанда болып жатқан оқиғалар туралы ақпарат алудың түрлі көздерін пайдаланатынын көрсетті. Бұл дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдары, интернет және әлеуметтік желілер (№54 диаграмма).

Жастардың басым бөлігі елдегі жаңалықтар мен оқиғалар туралы ақпаратты интернет арқылы алады: 61,5% - әлеуметтік желілер мен блогтардан; 33,3% - қазақстандық интернет-ресурстардан (ТВ, радио, жаңалықтар ресурстары) және 14,9% - шетелдік ресурстардан.

Сондай-ақ, жас респонденттер Қазақстанда не болып жатқаны туралы ақпарат алу үшін дәстүрлі медиа арналарды пайдаланады: қазақстандық республикалық телеарналар (39,1%). Бұл ретте, жастар шетелдік, оның ішінде ресейлікке (7,7%) қарағанда жергілікті (аймақтық арналар) (11,3%) арналарды қалайды.

Ақпарат алу үшін респонденттер тұлғааралық қарым-қатынасты пайдаланады. Сауалнамаға қатысушылардың 19,9%-ы жақын ортасы арқылы, туыстар, достар және таныстарымен қарым-қатынас жасау арқылы ақпарат алатындығын атап өтті.

Республикалық (8%) және өңірлік (5,7%), сондай-ақ шетелдік (2,6%) баспа басылымдарын жастар айтарлықтай сирек пайдаланады.

Респонденттер радиодан (7,8%), қазақстандық жергілікті (аймақтық) (5,7%) және шетелдік баспа басылымдарынан (газеттер, журналдар) (2,6%) жаңалықтарды ең аз біледі. Сауалнамаға қатысқан жас азаматтардың жалпы санының 0,2% бөлігі жаңалықтарды көрмейтінін айтты.

№54 диаграмма.

«Қазақстандағы жаңалықтар мен оқиғалар туралы білу үшін Сіз қандай ақпарат көздерін жиі пайдаланасыз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %-бен




«Фейктік» жаңалықтар әлеуметтік желінің әр қолданушысы кездесетін ерекше медиа құбылысына айналады. «Фейк» негізіндегі жалған ақпарат елдегі оқиғалардың шынайы көрінісін айтарлықтай бұрмалауы мүмкін. Жастардың әлеуметтік желілерде жарияланған жаңалықтардың шынайылығын бағалау қабілетін тексеру мақсатында респонденттерге әлеуметтік желілердегі жалған жаңалықтар аккаунттарын ресми аккаунттардан ажырату турасында сұрақ қойылды.

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, респонденттердің 46,1% жаңалықтарды тек ресми аккаунттарда оқиды және оларды жалған аккаунттардан ажыратады. Респонденттердің үштен бірі (32,1%) жалған жаңалықтар аккаунттарын ажырата аламыз деп санайды, бірақ жаңалықтарды ресми аккаунттардан ғана оқымайды. Сауалнамаға қатысқан әлеуметтік желі пайдаланушыларының 17,5% жалған аккаунттарды ажыратпайды. 0,2% әлеуметтік желілердегі жаңалықтар аккаунттарына қызығушылық танытпайды. Сауалнамаға қатысқандардың 4,1% үлесі жауап беруге қиналды (№55 диаграмма).

№55 диаграмма.

«Сіз әлеуметтік желілердегі фейктік жаңалықтар аккаунттарын ресми аккаунттардан ажырата аласыз ба?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %-бен



5.2. Жастар ортасында кемсітудің наразылық әлеуеті мен тәуекелі


Жастар ортасындағы наразылық көңіл-күйді зерттеу жастардың елде болып жатқан әлеуметтік және қоғамдық-саяси процестерге реакциясын болжаудың алғышарттарын жасайды. Мұндай болжамдар мемлекеттік органдарға, ең алдымен, әлеуметтік жүйенің жұмыс істеу тұрақтылығын бақылауды сақтай отырып, әлеуметтік қақтығыстардың алдын алу, әлеуметтік шиеленіс деңгейін төмендету мақсатында жастар саясатына жедел ден қоюға және түзетуге мүмкіндік береді.

Респонденттердің жауаптарын талдау көрсеткендей, респонденттердің 34% бөлігі өз елді мекендеріндегі наразылық акциялары болатынына екіталай екеніне сенімді. 32,9% жастар жаппай наразылық білдіру ықтималдығы туралы сұраққа «дәлірегі, жоқ» деп жауап берді.

Сұралғандардың ішінде респонденттердің төрттен бірі сауалнамаға қатысушылар тұратын жерде наразылық акцияларының туындау мүмкіндігін жоққа шығармайды. 9,4% респондент оқиғаның осындай желісі әбден мүмкін екенін айтты (№56 диаграмма).

№56 диаграмма.

«Қалай ойлайсыз, Сіздің тұрғылықты жеріңізде (елді мекенде) наразылық акциялары туындау ықтималдылығы бар ма?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %-бен




Қалалар мен ауылдардың респонденттері қандай да бір себептермен жаппай наразылық ықтималдығын әртүрлі бағалайды. Қала тұрғындарының арасында наразылық акцияларын ықтимал деп санайтындардың үлесі жоғары - 27,8%, ауыл тұрғындарының арасында 21,5% респондент осылай деп жауап берді.

Ауылдық елді мекендердің тұрғындары наразылық туындауы екіталай деп санайды – 40,2%, осындай пікір айтқан қалалық респонденттер үлесі - 29,3% (№57 диаграмма).

№57 диаграмма.

«Қалай ойлайсыз, Сіздің тұрғылықты жеріңізде (елді мекенде) наразылық акциялары туындау ықтималдылығы бар ма?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, елді мекен типі тұрғысынан, %-бен



Өңірлік тұрғыда наразылық акцияларының туындау мүмкіндігіне қатысты Батыс Қазақстан («әрине, иә» - 27,5%, «дәлірегі, иә» - 52,2%), Шығыс Қазақстан («әрине, иә» - 27,8%, «дәлірегі, иә» - 18,0%) және Маңғыстау («әрине, иә» - 10%, «дәлірегі, иә» - 32,9%) облыстарының тұрғындары барынша сенімді жауап айтты.

Бұл зерттеу үшін ең маңыздыларының бірі жастар арасында наразылық акцияларын тудыруы мүмкін факторлар туралы сұрақ болды. Наразылық белсенділігі қазіргі уақытта қоғамды толғандырып отырған проблемаларға жастардың реакциясы болып табылады деген болжамға сүйене отырып, проблемалық мәселелердің тиісті тізбесі жасалды (№8 кесте).

Қатысушылар өздері тұратын жерлерде наразылық акцияларының туындауын жоққа шығармайтынына қарамастан, респонденттердің жартысы (50,9%) наразылық акцияларына ешбір жағдайда қатыспайды.

Сонымен бірге, зерттеу нәтижелері жастар арасында наразылық әлеуетін қалыптастыруға әсер ететін факторларды шартты түрде әлеуметтік-экономикалық және саяси факторларға бөлуге мүмкіндік береді.

Жастардың ашық наразылық акцияларына қатысуының себебі, ең алдымен, әлеуметтік-экономикалық проблемалар болуы мүмкін, мысалы, өмірге қажетті азық-түлікке бағаның өсуі (10,7%), жұмыстан қысқарту және жұмыстан босату (10,1%), білім беру мекемелеріндегі (9,5%) және тұрғын үй проблемалары (7%), медициналық мекемелер қызметкерлерінің немқұрайлылығы және төмен кәсібилігі (7,9%), түрлі төлемдердің кешіктірілуі (6,9%), негізсіз айыппұлдар (6,9%), кредиттер немесе ипотека бойынша төлемдердің артуы (6,7%).

Зерттеуде саяси деп сипатталған проблемалардың екінші тобы биліктің әрекеттеріне қанағаттанбау (6,3%), әділетсіз сот шешімдері (5,6%), этникалық құқықтардың бұзылуы (3,7%) проблемаларымен байланысты.

№8 кесте.

«Сізді қоғамдық наразылық акциясына баруға қандай мәселе мәжбүр етуі мүмкін?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі

Жауаптың нұсқалары	%
Азық-түлік, ЖЖМ, дәрі-дәрмек бағаларының өсуі	10,7
Қысқарту немесе жұмыстан шығару	10,1
Мектептегі, университеттегі, колледждегі мәселелер	9,5
Медициналық мекемелер қызметкерлерінің салғырттығы мен төмен кәсібилігі	7,9
Тұрғын үй проблемасы	7,0
Жалақы, зейнетақы, стипендия, жәрдемақы төлеуді кешіктіру	6,9
Негізсіз айыппұлдар	6,9
Кредиттер немесе ипотека бойынша төлемдерді арттыру	6,7
Биліктің әрекеттеріне қанағаттанбау	6,3
Әділетсіз сот шешімдері	5,6
Экологиялық жағдайдың нашарлауы	4,9
Коммуналдық қызметтер тарифтерінің негізсіз өсуі	4,7
Білім беру қызметінің төмен сапасы	3,8
Этникалық негіздегі құқықтарды бұзу	3,7
Барлық проблемалар	0,1
Басқа (жауап нұсқалары, респонденттердің сөзімен жазылған: тамақтың болмауы, қашықтықтан оқыту, карантиндік шараларды ұзарту, жаппай вакцина салу)	0,4
Мені ашық наразылық білдіруге ештеңе мәжбүр ете алмайды	50,9
Жауап беруге қиналамын	8,2

Сондай-ақ, зерттеуде респонденттерден кемсітушілікке және адам құқықтарының бұзылуына әкелетін негізгі мәселелерді белгілеу сұралды. 28,3% респонденттің пікірінше, Қазақстанда кемсітушілік пен құқық бұзушылық жоқ. Қалған респонденттер жас азаматтардың кемсітуі мен құқықтарын бұзудың кең таралған себебі қазақ тілін білмеу (19,9%), білім деңгейі (18%) және жыныстық бағдар (16,7%) болып табылатынын атап өтті. Себептер рейтингінде адамның жасы (12,6%), орыс тілін білмеу және этникалық ерекшелік шамамен бірдей орналасты, тиісінше 12,1%-бенн. Қалған жағдайлардың үлесі 11%-бенн аспайды.

№58 диаграмма.

«Төмендегі себептердің қайсысы бойынша елімізде жастар жиі кемсітушілікке ұшырайды және құқықтары бұзылады?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %-бен



Қазақстанның барлық азаматтарымен бірлік пен ынтымақтастық сезімі жастарда азаматтық (19,3%) және аумақтық тиесілілігімен (11,4%) байланысты.

Зерттеу барысында 9,4% респондент бірлік пен ынтымақтастық сезімі этникалық негізбен тығыз байланысы туралы айтты. Зерттеуге қатысушы 4,4% респонденттің пікірінше, бір діндегі азаматтармен жақындықты сезінеді. 38% респондент бірлік пен ынтымақтастық сезімін барлық компоненттер тудыратынын атап өтті (№59 диаграммаға сәйкес). 10% жастар ел азаматтарымен бірлік пен ынтымақты сезінбейтіндерін айтты.

№59 диаграмма.

«Сізде ел азаматтарымен бірлік пен ынтымақтастық сезімін не тудырады?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %-бен




5.3. Жастардың әскери қызметке көзқарасы

Еліміздегі жастардың патриоттық тәрбиесіне әскер де әсер етеді. 60-диаграммада жастардың әскери қызметке көзқарасы туралы сұраққа жауаптардың бөлінуі көрсетілген.

Респонденттердің басым көпшілігі (59,6%) әскери қызметке оң көзқарасын білдірді. 34,4% респондент бейтарап көзқарасты атап өтеді. Жастардың шамамен 5%-ы өздерінің әскери қызметке деген теріс көзқарастары туралы айтты. Сауалнамаға қатысушылардың 1,2%-ы бұл сұраққа жауап беруге қиналды (№60 диаграмма).

№60 диаграмма.


«Сіз әскери қызметке қалай қарайсыз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %-бен



Әскери қызметке деген оң көзқарас жастардың барлық ер адамдар үшін әскерде болудың міндеттілігі турлы пікірімен расталады, респонденттердің жартысынан көбі (51,9%) осындай пікірде. 28,6% респондент әскери қызметті міндетті емес, мектепте, университетте әскери дайындық курстарынан өту жеткілікті деп санайды. Сауалнамаға қатысқан әрбір бесінші респондент әскери қызмет ерліктің көрсеткіші емес деген пікір білдірді (№61 диаграмма).

№61 диаграмма.

«Сіздің ойыңызша, әрбір жас жігіт ер болуы үшін әскери қызметтен өтуі тиіс пе?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %-бен



Сауалнама барысында әскери қызмет өткеру кезінде жастарға кездесетін бірқатар қиындықтар анықталды. Көптеген респонденттердің пікірінше (37%) әскери тәртіп пен әскери ережені сақтау әскери қызметтегі ең қиын болып табылады. Бұдан әрі респонденттер жүйке-эмоционалдық салмақты (17,1%), әскери жарғыдан тыс қатынастарды (15,9%), жаңа ұжымға бейімделуді (14,3%) және физикалық ауырытпашылықты (13,9%) атап өтті. Респонденттердің аз бөлігі отбасынан алыс жүру (0,1%) және әскери тәртіпсіздік (0,1%) қиындық келтіреді деп санайды, 0,4% респондент әскери қызметте қиындықтар жоқ деп санайды (№62 диаграмма).

№62 диаграмма.

«Сіздің пікіріңізше, әскери қызметте ең қиыны неде?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %-бен




ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҮДЕРІСТЕР



Әлеуметтік желілер мен блогтардан елдегі жаңалықтар мен оқиғалар туралы ақпарат алады

61,5%



Жаңалықтарды тек ресми аккаунттарда оқиды және оларды жалған жаңалықтардан ажыратады

Мемлекеттік жастар саясаты саласы жастардың өзін-өзі жүзеге асыруының әлеуметтік және экономикалық мәселелерінің кешенін қамтуы тиіс деп санайды:

37%

жұмысқа орналастыру

27,7%

жас отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету

16,4%

жоғары білім берудің қолжетімділігі мен сапасын арттыру



64,6%

Елімізде мемлекеттік жастар саясатын іске асырудың жоғары тиімділігін атап өтеді



Этносаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты оң бағалайды

80%

06 МЕМЛЕКЕТТІК ЖАСТАР САЯСАТЫН ІСКЕ АСЫРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ


6.1. Мемлекеттік жастар саясатын іске асыру тиімділігін бағалау

Азаматтық қоғамды тұрақты дамытудың, азаматтардың әл-ауқатын арттырудың және қоғамдық қатынастарды жетілдірудің басым факторы тиімді мемлекеттік жастар саясатын іске асыру-жастар үшін қажетті әлеуметтік және басқа да жағдайларды қалыптастыруға бағытталған мемлекет қызметінің дербес бағыты болып табылады.

Сауалнама нәтижелері алдағы уақытта перспективалы үрдісті анықтады: жастардың жүргізіліп жатқан саясатқа деген сенім деңгейі артып келеді. «Біздің елімізде мемлекеттік жастар саясаты (жастарды қолдау және дамыту) тиімді жүзеге асырылуда ма?» деген сұраққа 28,1% респондент оң жауап берді. Респонденттердің көпшілігі (36,5%) мемлекеттің жастар саясатын «дәлірегі, тиімді» деп бағалады. Сауалнамаға қатысқандардың 15%-ы мемлекеттік саясатты «дәлірегі, тиімсіз» және «тиімсіз» деп бағалады. 9,5% респондент елдегі жастар саясаты туралы ештеңе білмейді және естімеген (№63 диаграмма).

№63 диаграмма.

«Сіздің ойыңызша, елімізде мемлекеттік жастар саясаты (жастарды қолдау және дамыту) тиімді іске асырылады ма?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %-бен



Өңірлер тұрғысынан Қостанай (56,2%), Қызылорда (55,4%) және Шығыс Қазақстан (53%) облыстарының респонденттері мемлекеттік жастар саясаты тиімді іске асырылады деп бағалады. Нұр-Сұлтан қ. (49,6%), Жамбыл (50,4%) және Солтүстік Қазақстан облысы (52,8%) респонденттері «дәлірегі, тиімді» деген жауап айтты.

Маңғыстау (11,8%), Ақмола (10,5%) және Қарағанды (9,8%) облыстарындағы респонденттер мемлекеттік жастар саясатын іске асыруды тиімсіз деп санайды. Алматы (27,2%), Маңғыстау (22,4%) және Қарағанды (21,7%) облыстарының респонденттері «дәлірегі, тиімсіз» деп белгіледі.

Алматы қ. (23,5%), Солтүстік Қазақстан облысы (22,6%) және Нұр-Сұлтан қ. (13,9%) респонденттер елімізде жүргізіліп жатқан жастар саясаты туралы ештеңе естімеген.

Респонденттер мемлекеттік жастар саясаты жастардың өзін-өзі жүзеге асыруының әлеуметтік және экономикалық мәселелерінің кешенін қамтуы керек деп санайды. Респонденттердің пікірінше, бұл жұмысқа орналасу (37%), жас отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету (27,7%) мәселелері. Жастардың 16,4%-ы жоғары білімнің қолжетімділігі мен сапасын арттыруға баса назар аударуды ұсынады. Респонденттердің ең аз саны (0,1%) көп балалы отбасыларды қолдауды ұсынды.

Сауалнамаға жауап беру барысында жастардың 4,8%-ы мемлекет тарапынан қолдауға үміт артпайтындары туралы айтты.

№64 диаграмма.

«Мемлекеттік жастар саясатын іске асыруда ең алдымен неге назар аудару керек?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %-бен



6.2. Белсенді/танымал жастар ұйымдары мен жастар ресурстық орталықтары қызметінің тиімділігін бағалау

Жеке тұлғаны әлеуметтендіру процесінде жастар ұйымдары маңызды рөл атқарады, олар құндылықтар жүйесін қалыптастыруға, азаматтық белсенділік деңгейін арттыруға ықпал етеді, жастардың саяси және әлеуметтік мәселелерін шешудің құралы, сондай-ақ жастардың өзін-өзі жүзеге асыруы үшін ресурс бола алады.

Жастар ұйымдары туралы қоғамдық пікірдің негізгі көрсеткіші азаматтардың өз қызметінің тиімділігін бағалауы болып табылады.

Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, «ҚР Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясы стипендиаттарының қауымдастығы» (67,1%), «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының республикалық штабы» (61,8%), «Нұр Отан» партиясы жанындағы «Жас Отан» жастар қанаты» (61,2%), «Жас Ұлан» бірыңғай балалар-жасөспірімдер ұйымы» (60,6%) және «Қазақстан КТК Одағы/ Жайдарман» (60,3%) сияқты ұйымдар өз жұмысының тиімділігі бойынша үздік бестікке кірді.

Респонденттердің жауаптары бойынша «Ұлттық Дельфий комитеті» (25,4%) және «Қазақстан Жастар Конгресінің» (22,2%) қызметі тиімсіз деп танылды.

17-34% респондент жоғарыда көрсетілген ұйымдар жұмысының тиімділігі туралы сұраққа жауап беруге қиналды, бұл жастар арасындағы ұйымдардың қызметі туралы төмен хабардарлықты көрсетуі мүмкін (№9 кесте).

№9 кесте.

«Келесі жастар ұйымдарының жұмыс тиімділігін бағалаңыз» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %-бен

№	Ұйымның атауы	Тиімді	Тиімді емес	Жауап беруге қиналамын
1.	ҚР Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясы стипендиаттар қауымдастығы	67,1	15	17,9
2.	«Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының республикалық штабы	61,8	16,6	21,6
3.	«Нұр Отан» партиясы жанындағы «Жас Отан» жастар қанаты	61,2	17,1	21,7
4.	«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы	60,6	16,8	22,6
5.	Қазақстан КТК Одағы / Жайдарман	60,3	20,7	19,0
6.	Ұлттық волонтерлер желісі	58,9	16	25,1
7.	Қазақстан студенттер альянсы	52,2	20,4	27,4
8.	Қазақстан халқы Ассамблеясының жастар қанаты (Жаңғыру жолы / Жарасым)	50,3	17,3	32,3
9.	Қазақстан жастар конгресі	46,5	22,2	31,3
10.	Ұлттық Дельфий комитеті	40,7	25,4	33,9

Жастар ресурстық орталықтарының (ЖРО) қызметі туралы сұрақтар жауап беруде қиындық туғызды, өйткені зерттеу нәтижелері бойынша, оларға ТЕК 14% респондент ғана жүгінген.

ЖРО-ға жүгінген респонденттердің басым бөлігі Қостанай (37,1%), Солтүстік Қазақстан (26,4%) және Қызылорда (26,1%) облыстарынан болды.

Сауалнамаға қатысушылардың ЖРО-ға жүгінуінің төмен пайызына қарамастан, респонденттердің пікірінше, өңірлердегі ЖРО қызметінің ең тиімді бағыттарын атап өту ұсынылды. Сонымен, ең тиімдісі мыналар: «Жастар ортасындағы волонтерлік қызметті қолдау және дамыту» (82,1%), «Жастарды жұмысқа орнатастыруға даярлау мен кәсіптік бағдарлауға жәрдемдесу» (74,4%), «Жастар арасында цифрлық сауаттылықты арттыру мен технологияларды дамытуға жәрдемдесу» (72,9%). «Жастарға психологиялық көмек көрсетуді» - 26,4% және «Өмірлік маңызды дағдыларды құзыреттерді дамытуды» - 25,3% респонденттер «тиімсіз» деп белгіледі (№10 кесте).

№10 кесте.

«Сіздің облыстағы/қаладағы ЖРО-ның келесі қызмет түрлері бойынша жұмыс тиімділігін бағалаңыз» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %-бен

№	ЖРО қызмет түрлері бойынша жұмысын бағалау	Тиімді	Тиімді емес	Жауап беруге қиналамын
1.	Жастар ортасындағы волонтерлік қызметті қолдау және дамыту	82,1	10,3	7,7
2.	Жастарды жұмысқа орналастыруға даярлау мен кәсіптік бағдарлауға жәрдемдесу	74,4	19,4	6,2
3.	Жастар арасында цифрлық сауаттылықты арттыру мен технологияларды дамытуға жәрдемдесу	72,9	16,5	10,6
4.	Жастар ұйымдарын дамытуға қолдау көрсету және жәрдемдесу	67,8	19	13,2
5.	Жастар жобалары мен бағдарламаларын әзірлеуді және бағалауды сүйемелдеу	67,8	18,7	13,6
6.	Өмірлік маңызы бар дағдыларды, құзырет-тілікті дамыту	64,8	25,3	9,9
7.	Жастарға өтеусіз негізде консультациялар және заңгерлік көмек көрсету	64,8	24,9	10,3
8.	Жастарға психологиялық көмек көрсету	64,1	26,4	9,5
9.	Жастардың инновациялары мен кәсіпкерлік қызметін жандандыруға жәрдемдесу	63,7	23,4	12,8
10.	Жеңілдіктер алу бойынша көмек көрсету	100	0	0
11.	Онлайн-оқытуға жәрдемдесу	0	100	0

ҚОРЫТЫНДЫ

Осы аналитикалық құжаттың негізгі мақсаты жастар ортасындағы қоғамдық-саяси жағдайды әлеуметтанулық зерттеу нәтижелеріне негізделеді.

Зерттеу нәтижелері бойынша келесі тұжырымдар жасалды:

Жастардың денсаулығы мен бос уақыты. Жалпы, жастар денсаулыққа күтім жасаудың профилактикалық шараларына назар аударады. Жылына бір рет профилактикалық тексеруден респонденттердің жартысынан көбі өтеді. Жастардың шамамен теңдей үлесі жылына екі рет және жылына бір реттен кем тексерілуден өтеді, ол тиісінше 16,8% және 16,7%. Әйелдер денсаулығын көбірек күтеді. Олар ерлерге қарағанда жылына екі реттен жиі тексеруден өтеді.

Алкогольді қолдану жастар арасында кең таралған емес. Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, жастардың 70,5%-ы алкоголь ішпейді. Жалпы, жастардың алкоголь ішуінің алғышарттарының бірі - урбанизацияланған орта: қалада тұратын жастар ауыл тұрғындарына қарағанда алкогольді көбірек пайдаланады. 24-28 жас аралығындағы жастар алкогольді жиі пайдаланады.

Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстарының респонденттері аптасына бірнеше рет алкоголь ішеді. Батыс Қазақстан, Павлодар және Маңғыстау облыстарының жастары айына бірнеше рет; Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан және Павлодар облыстарының респонденттері айына бір рет алкоголь ішеді.

Жастар арасында респонденттердің көпшілігі (80,3%) темекі шекпейді. Темекі шегетін жастардың арасында әрбір 10-шы респондент күн сайын темекі шегеді. Ұлдар арасында темекі шегудің таралуы қыздарға қарағанда жоғары – 90,3% әйелдер, 70,2% - ерлер темекі шекпейді.

Күн сайын темекі шегетін респонденттердің көпшілігі Қарағанды, Батыс Қазақстан және Павлодар облыстарында тұрады. Қызылорда, Қостанай және Түркістан облыстарының жастары темекіні аз шегеді.

Жастар арасында есірткі заттарын қолданудың таралуы 100 респондентке 2,9 жағдайды құрайды. Сауалнамаға қатысқан жастардың көпшілігі ешқашан есірткі, соның ішінде марихуана, кокаин, LSD қолданбаған. Есірткі заттарын қолданғаны туралы 24-28 жастағы респонденттер жиі айтады.

Жыныстық жолмен берілетін инфекциялар (ЖЖБИ) туралы хабардар болу деңгейі орташа болып табылады. Әрбір оныншы (10,2%) респондент ЖЖБИ туралы ештеңе білмейді.

Салауатты өмір салты мен физикалық белсенділіктің танымал болуына қарамастан, сауалнамаға қатысқан жастардың көпшілігі спорт мекемелеріне бармайды және үйде жаттығуды жөн көреді. Айына үш-төрт рет спортпен әрбір оныншы (10,1%) респондент айналысады. Спортқа деген қызығушылық қыздарға қарағанда жігіттерде басым. Ұлдар спортпен жиі айналысады және қыздарға қарағанда спортқа көбірек уақыт бөледі. Спорт секциясына қатысу жиілігі сауалнамаға қатысушылардың жас тобына да байланысты - жасы неғұрлым төмен болса, қатысу қарқындылығы соғұрлым жоғары болады.

Жастар өздерінің қажеттіліктері мен құндылық бағдарларына байланысты бос уақытты өткізу үшін ертүрлі қызмет түрлерін таңдайды. Жастардың бос уақыты құрылымындағы ең жиі кездесетін іс-әрекет - бұл қоршаған ортамен уақыт өткізу. Респонденттер аптасына он сағаттан астам уақытты отбасымен және достарымен өткізуге жұмсайды. Одан аз уақыт, аптасына 1-3 сағат, жастар өздігінен білім алуға және спортқа қызығушылық танытады. Жастардың төмен белсенділігі волонтерлік және шығармашылық қызметте де байқалады.

Күн сайын Интернет желісінде 2 сағаттан 5 сағатқа дейін жастардың басым бөлігі (42,7%), 6 сағаттан артық – 24,9% өткізеді. Негізінен, көпшілігі интернетті достарымен қарым-қатынас жасау үшін, ойын-сауық ретінде, әлеуметтік желілерде уақыт өткізу және жаңалықтарды қарау үшін пайдаланады. Егер жас тобы тұрғысынан қарайтын болсақ, онда 14-18 жас аралығындағы жастардың көпшілігі Интернетті до-

старымен қарым-қатынас жасау, оқу және ойын-сауық үшін пайдаланады, 24-28 жас аралығындағы жас азаматтар желіні жаңалықтарды көру және білім алу үшін пайдаланады.

Жастар өміріндегі білім және ғылым. COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуына байланысты елде және әлемде болып жатқан оқиғаларды ескере отырып, қашықтықтан оқыту жастар арасында танымал білім беру практикасының біріне айналуда. Алайда, жастардың көпшілігі дәстүрлі оқытуды ұнатады, әдеттегідей үйрену ыңғайлы және қызықты, өйткені жеке қарым-қатынас болады.

Жастар қашықтықтан оқытуды белгілі бір дәрежеде тиімсіз деп біледі. Сауалнамаға қатысушылардың тек 3,6% ОНЫҢ тиімділігіне жоғары баға берді. Респонденттердің негізгі бөлігі қашықтықтан оқытуды оқу процесіне енгізуді қолдамайды.

Ақмола, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан және Алматы облыстарының жастарын қашықтықтан оқыту жүйесін оқу процесіне енгізу идеясын қолдайды. Ақтөбе, Жамбыл және Түркістан облыстарының көптеген респонденттері бұл идеяны қолдамайды. Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарының респонденттері «дәлірегі, жоқ» деп жауап берді.

Нәтижелер көрсеткендей, жастардың 64,1%-ы бейресми өздігінен білім алумен айналыспайды. Тренингтерге, түрлі біліктілікті арттыру курстарына және т.б. 33,9% респондент қатысады. Сонымен қатар, ерлерге қарағанда әйелдер бейресми өздігінен білім алумен айналысады.

Көбінесе бейресми өздігінен білім алумен Алматы қ., Шығыс Қазақстан және Ақмола облыстарының респонденттері айналысады. Ақтөбе, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарының респонденттері бейресми өздігінен білім алумен айналыспайтынын атап өтті.

Сауалнамаға қатысқан жастардың тек 8,8%-ы ғана ғылыми қызметпен айналысады.

Респонденттердің негізгі бөлігі ешқандай шығармашылықпен айналыспайды. Респонденттердің аз бөлігі сурет салумен айналысады, музыкалық аспаптарда ойнайды және бимен айналысады. Осылайша, Өңірлер тұрғысынан қарағанда бимен көбінесе Шығыс Қазақстан, Ақмола облыстарының және Алматы қ. респонденттері айналысады; Шығыс Қазақстан, Ақмола облыстарының және Нұр-Сұлтан қ. респонденттері вокалмен айналысады; Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстарының, Алматы қ. респонденттері музыкалық аспаптарда ойнайды; Павлодар облысының, Алматы және Шымкент қ. респонденттері сурет салумен айналысады; Алматы, Шымкент қ. және Түркістан облысының респонденттері өлең, әңгіме жазады; Нұр-Сұлтан қ. мен Қызылорда облысының респонденттері сәндік-қолданбалы шығармашылықпен айналысады. Маңғыстау, Батыс Қазақстан және Қостанай облыстарындағы респонденттердің көпшілігі шығармашылықпен айналыспайды.

Респонденттердің көпшілігі шығармашылықпен айналыспайтынына қарамастан, жастар үшін шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыру маңызды.

Респонденттер Қазақстандағы жастардың шығармашылық қызметін дамыту мен қолдау деңгейін «орташа» деп бағалады. Жастардың шығармашылық қызметін дамыту мен қолдаудың деңгейін Қызылорда, Ақмола және Шығыс Қазақстан облыстарының респонденттері - жоғары; Нұр-Сұлтан қ., Солтүстік Қазақстан және Атырау облыстарының респонденттері - орташа; Алматы қ., Қарағанды және Ақмола облыстарының респонденттері – төмен деп бағалады.

Сауалнамаға қатысушылардың көпшілігі жастардың шығармашылық кәсіпте жетістікке жету мүмкіндігіне күмәнмен қарайды - олардың жартысынан көбі шығармашылық адамдар үшін мансапта жетістікке жету өте қиын немесе мүмкін емес деп санайды.

Жастардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы. Зерттеу нәтижелері кәсіби өзін-өзі анықтау үрдістерін және жастардың кәсіби таңдауың ағымдарын көрсетті. Осылайша, мамандық таңдау барған сайын индивидуалды болып келеді - мамандық таңдаудағы басымдық мамандыққа деген жеке қызығушылыққа байланысты және ата-аналардың пікіріне сәйкес. Бұған өмірлік жағдай, болашақта жоғары жалақы және мамандыққа деген сұраныс аз дәрежеде әсер етеді.

Жастардың оқу кезінде алған мамандығы бойынша жұмысқа орналасуға бағдарлануының төмендеуі

байқалады, бұл жастардың кәсіби өзін-өзі анықтауындағы икемділікті, яғни олардың кәсіби жоспарларын түзету мүмкіндігін көрсетуі мүмкін. Осылайша, жұмысқа орналасқан түлектердің көпшілігі мамандығы бойынша жұмыс істемейді (40,1%). ЖОО-да алған мамандығына сәйкес еңбек қызметімен айтарлықтай аз айналысады (38,3%).

Мамандық таңдау кезінде респонденттердің көпшілігі (39,4%) мамандыққа жеке қызығушылық танытқан, ал респонденттердің төрттен бір бөлігі мамандық таңдау кезінде ата-анасының пікіріне құлақ асқан.

Бүгінгі таңда жастардың Қазақстанда кәсіпкерлік қызметпен айналысу үшін елеулі перспективалары бар, бірақ қазіргі уақытта тек 4,2% респондент кәсіпкерлікпен айналысады. Бұл ретте респонденттердің көпшілігі (83,2%) кәсіпкерлік саласында практикалық тәжірибенің жоқтығын көрсетеді. Өңірлік тұрғыда респонденттер арасында жас кәсіпкерлер саны бойынша Батыс Қазақстан және Алматы облыстары көшбасшы болып табылады. Атырау, Павлодар және Қостанай облыстарында жас кәсіпкерлер саны аз.

Кәсіпкерлік тәжірибесі бар адамдардың 27,5%-ы кәсіпкерлік қызметпен айналысу кезінде кедергілері болған жоқ. Қалған респонденттер өз аймағындағы үй-жайлардың жоғары жалдау құнын, еңбек нарығында білікті қызметкерлердің жоқтығын, жоғары салық төлемдерін, сыбайлас жемқорлық сипаттағы кедергілерін, сондай-ақ Қазақстанда бизнесті кәсіби емес (этикалық емес) жүргізуді атап өтті.

Респонденттердің көпшілігі жастардың әлеуметтік осал санатына қатысты мемлекет тарапынан көрсетілген қолдауға қандай да бір дәрежеде қанағаттанады. Респонденттердің үштен бір бөлігі халықтың әлеуметтік осал топтарын мемлекеттік қолдау деңгейіне қанағаттанбағанын атап өтті. Ауылдық жерлерде тұратын респонденттер әлеуметтік осал санаттағы жас азаматтарды қолдауды айтарлықтай жоғары бағалайды. Өңірлер тұрғысынан халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын жастарды қолдау деңгейі толығымен қанағаттану, Шығыс Қазақстан, Ақмола және Қызылорда облыстарында тұратын респонденттердің арасында кездеседі. Солтүстік Қазақстан және Атырау облыстарының, Нұр-Сұлтан қ. респонденттері ішінара қанағаттанатынын айтты. Түркістан, Қарағанды, сондай-ақ Қызылорда облыстарының респонденттері қанағаттанбайды.

Респонденттердің жартысынан көбі ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін қалалық инфрақұрылымның қамтамасыз етілуіне орташа - ішінара қамтамасыз етілді деген баға берді. Жас азаматтардың 21,4% ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін қалалық инфрақұрылым объектілеріне қол жеткізу мүмкіндігіне төмен баға берді.

Көптеген қазақстандық жастардың пікірінше, білім беру жүйесі мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін қолайлы болып табылады.

Қазіргі жастардың құндылық бағдарлары мен мүдделері. Жастардың құндылық жүйесінің негізін үш жетекші құндылық – отбасы, денсаулық және достар құрайды. Сонымен бірге, жастардың билікке ие болу, қоғамда танымал болу және шығармашылықпен айналасу сияқты ұстанымдары жоқ.

«Отбасы», «денсаулық» және «достық» құндылықтары басым үштіктен кейін респонденттердің әр түрлі жастар тобы дінді, білімді, материалдық қауіпсіздік пен сүйіспеншілікті таңдады. Батыс Қазақстан, Маңғыстау және Қызылорда облыстарында тұратын респонденттер дінді өмірлік құндылық ретінде жиі атады.

Жастардың құндылық бағдарларын қалыптастыру әлеуметтену процесінде отбасы мен мектеп сияқты институционалдық факторлардың әсерінен болады. БАҚ пен дін, оның ішінде діни мекемелер әсер етпейді деуге болады.

Жастардың дүниетанымы ата-аналарының белгілі бір сенімдеріне ұқсас. Респонденттердің көпшілігі бұл көзқарасты ұстанады. Ал респонденттердің 18,4% түсініктерінің «әртүрлі» екеніне сенімді.

Жастардың тілдік қатынастардағы қалауларын зертту барысы олардың басым бөлігі үйлерінде қазақ (50,4%) және орыс (32,4%) тілдерінде сөйлейтінін көрсетті. 39,5% респондент достарымен қазақ тілінде, 36% респондент орыс тілінде сөйлеседі. 24,4% респондент достарымен екі тілде бірдей сөйлеседі. Респонденттердің арасында өз этностық тобының тілін көрсеткендер болды.

Қазақстандық жастар үшін номинативті діншілдік тән. Олар өздерін діншіл деп атай отырып, діншілдігін

жүзеге асыруды маңызды деп санамайды, діни мекемелерге тек мерекелерде барумен шектеледі. Сонымен қатар, бұл санатқа өздерін ауылдарға қарағанда қалалық респонденттер көбірек жатқызды. Сондай-ақ, ауылдық жерлерге қарағанда қалалық жастар арасында атеистер көп. Өңірлер тұрғысынан діни нормаларды терең ұстанатын және сақтайтындарға Маңғыстау, Шығыс Қазақстан және Батыс Қазақстан облыстарының респонденттері жатады. Нұр-Сұлтан қ., Батыс Қазақстан және Павлодар облыстарында тұратын респонденттер өздерін діншіл деп санайды, бірақ діни мекемелерге тек мерекелерде барумен шектеледі. Ақтөбе, Солтүстік Қазақстан, Қостанай және Жамбыл облыстарының респонденттері өздерін діншіл деп санайды, бірақ діни өмірге қатыспайды. Дінге сенбейтіндерге, бірақ кейде діни салттарды сақтайтындарға Қызылорда, Түркістан және Ақмола облыстарының респонденттері жатады. Павлодар, Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстарында тұратын жас респонденттер өздерін атеист дейді.

Жастардың көпшілігі дәстүрлі исламды ұстанады. 16,9% респондент конфессиялық тиесілігін православие деп анықтады. Респонденттердің ең аз саны «пұтқа табынушылық», «Иегова куәгерлері» сияқты дәстүрлі емес діндерді атады.

Қазіргі жастар діни сенімге әртүрлі жолдармен келеді. Біріншісі - отбасында қабылданған «туғаннан бері осылай» деген өмір салты, екіншісі – ең жақын орта. Сауалнамаға қатысушылардың 26,6% сенім таңдауына сырттан қандай да бір ықпалдың жоқтығы туралы айтты.

Жалпы, белгілі бір сенімге бейімділік этностық топта туылу фактісіне байланысты.

Жастар белгілі бір дәрежеде мемлекеттің жастар ортасында жүргізіп жатқан этносаралық саясатына оң көзқараспен қарайды. Орыс және басқа ұлт өкілдерінің бағалауында шамалы айырмашылық байқалады. Респонденттердің бағалау көрсеткіштеріндегі қанағаттанбаушылық белгілі бір этностарға қатысты этносаралық саясат шеңберінде жүргізілетін шаралардың жеткіліксіздігін көрсетуі мүмкін.

COVID-19 коронавирусының таралуын болдырмауға байланысты елде төтенше жағдайдың енгізілуі, елдің барлық азаматтарына, соның ішінде тұлғааралық қатынастарға да қандай да бір дәрежеде әсер етті. Сонымен, респонденттердің үштен бір бөлігінен артығы (37,5%) олармен бірге тұратын адамдар арасындағы қатынастардың нығайғанын атап өтті. Бұл ретте сауалнамаға қатысқандардың жартысынан астамында бұл қарым-қатынас бұрынғы қалпында.

ТЖ және карантин кезеңінде сауалнамаға қатысушылардың жартысынан көбі қашықтықтан оқып, жұмыс істеді. Респонденттердің тағы бір бөлігі көп уақытын отбасымен, негізінен кино көру және кітап оқумен пассивті өткізді.

Қазақстанда 2020 жыл Волонтер жылы деп жарияланғанын ескере отырып, ТЖ және карантин кезеңінде жас азаматтардың тек 11,8%-ы мұқтаж адамдарға волонтер ретінде көмек көрсетуге қатысты. Жастардың волонтерлік қызметке қатысу көрсеткішінің төмендігі азаматтардың тұратын аумақта (қала/ауыл) және жалпы елде еркін жүруіне шектеулер енгізумен байланысты болуы мүмкін.

Дағдарыс және COVID-19 таралуына қарсы күрес кезінде, сауалнама көрсеткендей, жастар болашаққа деген үлкен сенімділікті көрсетті. Респонденттердің көпшілігі болашаққа «бәрі жақсы болады деген үмітпен» қарайды. Аз бөлігінде қорқыныш пен үмітсіздік сияқты мазасыз және пессимистік көңіл-күй бар.

Қазақстандық жастарға «селқос» патриотизм тән, бұл ретте патриотизмді эмоциялық-сезімдік қабылдау басым болып қала береді. Бұл елге деген сүйіспеншілік, құрмет пен мақтаныш сезімі, әскерде қызмет ету, отанды қорғауға дайын болу сияқты түсініктер. Респонденттер патриотизм барлық жас топтарына бірдей – жастарға да, орта және қарт адамдарға да тән деп санайды.

Жастар арасындағы трендтер салауатты өмір салты және волонтерлік болып табылады. Танымалдық бойынша үшінші орында - саяхат. Сауалнамаға қатысқан жастар арасында азаматтық белсенділік пен экологиялық ең аз танымал болды. Әлеуметтік желілерде уақыт өткізуді тренд ретінде 0,2% респондент ғана атап өтті.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру туралы жастар жеткілікті хабардар емес, оның басымдықтары ұлттың рухани дамуы болды, атап айтқанда, патриотизмді қалыптастыру, дәстүрлерді, мә-

дениетті және жеке ұлттық кодты сақтау. Респонденттердің көпшілігі бағдарламаның «тек жалпы қырларын» біледі. 12,5% респондент бағдарлама туралы алғаш рет естіп отыр. Қызылорда, Маңғыстау облыстары мен Шымкент қаласының респонденттері «Рухани жаңғыру» бағдарламасы не туралы және не үшін іске асырылып жатқаны туралы ең көп хабардар. Солтүстік Қазақстан, Алматы және Шығыс Қазақстан облыстарының респонденттері бағдарламаның жалпы қырларын ғана біледі. Нұр-Сұлтан қ., Атырау және Ақтөбе облыстарында тұратын жастар бағдарламаның атауын ғана білетінін айтты. Қарағанды облысының, Алматы қ., Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстары респонденттерінің көпшілігі бұл бағдарлама туралы алғаш рет естіп отыр.

Жастар қоғамдық-саяси процестерде. Елімізде болып жатқан оқиғалар туралы ақпаратты жастардың басым бөлігі интернет арқылы: әлеуметтік желілер мен блогтардан және қазақстандық интернет-ресурстардан (ТВ, радио, жаңалықтар ресурстары) алады. Жаңалықты жас респонденттер қазақстандық республикалық телеарналардан да біле алады. Сауалнамаға қатысқан жастардың жалпы санының 0,2% бөлігі жаңалықтар көрмейді.

Жастардың 46,1% жаңалықтарды тек ресми аккаунттардан оқиды және оларды жалған аккаунттардан ажыратады. Респонденттердің үштен бірі (32,1%) жалған жаңалықтар аккаунттарын ажырата алады деп санайды, бірақ жаңалықтарды ресми аккаунттардан ғана оқымайды. 0,2% жастар әлеуметтік желілердегі жаңалықтар аккаунттарына қызығушылық танытпайды.

Респонденттердің жауаптарын талдау көрсеткендей, 34% респондент өз елді мекендеріндегі наразылық акциялары болуы екіталай екеніне сенімді. 32,9% жастар жаппай наразылық ықтималдығы туралы сұраққа «дәлірегі, жоқ» деп жауап берді.

Бұл ретте респонденттердің төрттен бір бөлігі сауалнамаға қатысушылар тұратын жерде наразылық акцияларының туындау мүмкіндігін жоққа шығармайды. 9,4% жастар өз қалаларында/ауылында наразылық акциялары болуы мүмкін екеніне сенімді. Қала тұрғындарының арасында наразылық акцияларын ықтимал деп санайтындардың үлесі жоғары - 27,8%, ауыл тұрғындарының арасында мұндай көрсеткіш - 21,5%.

Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан және Маңғыстау облыстары наразылық акцияларының туындау ықтималдығының ең жоғары көрсеткіштері бар өңірлер болып табылады.

Наразылықтың маңызды факторлары анықталды - респонденттерді қатты алаңдататын проблемалар. Сонымен, жастардың қоғамдық наразылық акцияларына қатысуының себебі, ең алдымен, әлеуметтік-экономикалық проблемалар болуы мүмкін, мысалы, өмірге қажетті азық-түлік өнімдеріне бағаның өсуі, жұмыстан босату және қысқарту, білім беру мекемелеріндегі және тұрғын үй проблемалары, медициналық мекемелер қызметкерлерінің немқұрайлылығы мен төмен төмен кәсібилігі, әртүрлі төлемдердің кешіктірілуі, негізсіз айыппұлдар, несиелер немесе ипотека бойынша төлемдердің жоғарылауы. Респонденттердің аз бөлігінің пікірінше биліктің әрекеттеріне қанағаттанбау, әділетсіз сот шешімдер және құқықтардың этникалық негізде бұзылуы сияқты саяси проблемалар қоғамдық наразылық акцияларына себеп болуы мүмкін. Респонденттердің жартысы (50,9%) ешқандай жағдайда наразылық акциясына қатыспайтынын айтты.

Жастардың басым бөлігі Қазақстанда кемсітушілік пен құқық бұзушылық жоқ деп санайды. Егер бар болса, онда кемсітушілік пен жас азаматтардың құқықтарын бұзудың себептері қазақ тілін білмеу, білім деңгейі және жыныстық көзқарас негізде болуы мүмкін.

Респонденттердің пікірінше, Қазақстанның барлық азаматтарымен бірлік пен ынтымақтастық сезімі азаматтық және аумақтық сәйкестігімен байланысты. Әрбір оныншы респондент бірлік пен ынтымақты сезінбейді. Елді мекеннің түрі (қала/ауыл), респонденттің жынысы және білім деңгейі сияқты факторлар бұл сезімдерге әсер етпейді.

Әскер мен әскери қызметке – патриоттық тәрбие институттарының бірі ретінде жастардың басым көпшілігі оң көзқараспен қарайды.

Респонденттердің жартысынан көбі әскерді барлық ер адамдар үшін міндетті қызмет деп санайды.

Әскери қызметтегі қиындық ретінде, жастар әскери тәртіпті, әскери ережені және жүйке-эмоционалды жүктемені қарастырады. Респонденттердің өте аз бөлігі отбасынан алыстау мен әскери тәртіпсіздікті қиын деп санайды.

Мемлекеттік жастар саясатын іске асырудың тиімділігі. Респонденттердің үштен екісі мемлекеттің жастар саясатына қанағаттанатыны туралы айтты.

Мемлекеттік жастар саясатының тиімді жүзеге асырылуын Қостанай, Қызылорда және Шығыс Қазақстан облыстарының респонденттері атап өтуде. Жамбыл облысы, Нұр-Сұлтан қ. және Солтүстік Қазақстан облыстарындағы респонденттер «дәлірегі, тиімді» деп белгіледі. Маңғыстау, Ақмола және Қарағанды облыстарындағы респонденттер мемлекеттік жастар саясатын тиімсіз деп санайды. Алматы қаласы, Маңғыстау және Қарағанды облыстарының респонденттері «дәлірегі, тиімсіз» деп атап өтті. Алматы қ., Солтүстік Қазақстан облысы және Нұр-Сұлтан қ. респонденттері елде жүргізілетін жастар саясаты туралы ештеңе естімеген.

Респонденттер мемлекеттік жастар саясаты жастардың өзін-өзі іске асырудың әлеуметтік және экономикалық мәселелерін кешенді қамтуы керек деп санайды. Атап айтқанда, жұмысқа орналастыру, жас отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету және жоғары білімнің қолжетімділігі мен сапасын арттыру мәселелері.

Респонденттердің пікірінше, жұмыс тиімділігі бойынша үздік бестікке «ҚР Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясы стипендиаттарының қауымдастығы», «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының республикалық штабы», «Нұр Отан» партиясы жанындағы «Жас Отан» Жастар қанаты», «Жас Ұлан» бірыңғай балалар-жасөспірімдер ұйымы» және «Қазақстан КТК Одағы/ Жайдарман» сияқты ұйымдар кірді. Қазақстан Жастар Конгресінің қызметі тиімділігі төмен деп танылды. Респонденттердің 17 - 34% үлесі жоғарыда көрсетілген ұйымдар жұмысының тиімділігі туралы сұраққа жауап беруге қиналды, бұл жастар арасындағы ұйымдардың қызметі туралы төмен хабардарлықты растауы мүмкін.

Жастар ресурстық орталықтарына (ЖРО) респонденттердің 14% ғана - Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарының респонденттері жүгінді.

Жастар өңірлердегі ЖРО қызметінің неғұрлым тиімді бағыттары ретінде жастар ортасында волонтерлік қызметті қолдау мен дамытуды, жастарды жұмысқа орнатастыруға даярлау мен кәсіптік бағдарлауға жәрдемдесуді, жастар арасында цифрлық сауаттылықты арттыру мен технологияларды дамытуға жәрдемдесуді атады.

Жүргізілген әлеуметтік зерттеу нәтижелері бойынша жергілікті атқарушы органдарға қоғамдық ұйымдармен бірлесіп төмендегілер ұсынылады:

- ♦ жастар арасында қауіп факторларының (темекі, алкоголь және т.б.) таралуын төмендетуге бағытталған ақпараттық-түсіндіру іс-шараларын өткізу, ақпараттық және мотивациялық роликтерді, әлеуметтік желілердегі посттарды және т.б. қамтиды;
- ♦ балалар мен жастардың денсаулығы мәселелері бойынша, атап айтқанда, дұрыс тамақтану қағидаттары туралы түсіндіру жұмыстарын күшейту, бастауыш сыныптардан бастап дұрыс тамақтану сабақтарын білім беру компонентіне енгізу;
- ♦ дұрыс тамақтану әдеттерін насихаттау жөніндегі ақпараттық жұмыстан басқа, жоғары және кәсіптік-техникалық білім беру ұйымдарының аумағында қоғамдық тамақтандыру ұйымдарында өнімдердің сапасын бақылау, денсаулыққа зиянды өнімдердің сатылуын шектеу жөніндегі заңнамалық нормаларды қарастыру;
- ♦ жастардың құндылықтық бағдарларын қалыптастыру бойынша, оның ішінде салауатты өмір салтына тартатын және т.б., жағымды өмірлік құндылықтары бар әлеуметтік жарнаманы электрондық БАҚ-та және әлеуметтік желілерде өзірлеу және орналастыру арқылы жұмысты жандандыру;
- ♦ «Рухани жаңғыру» бағдарламасы арқылы, атап айтқанда Нұр-Сұлтан және Алматы қ., Атырау, Ақтө-

бе, Қарағанды және Батыс Қазақстан облыстарында құндылық бағдарларын қалыптастыру бойынша ақпараттық жұмысты күшейту;

- ♦ жастардың бос уақытын жақсарту үшін түрлі үйірмелер мен секциялар санын, оның ішінде неғұрлым төмен бағамен ұлғайту. Жастардың сабаққа қатысуын арттыру үшін түрлі көрмелер, мұражайлар және басқа да мәдени іс-шаралар туралы жастарды хабардар ету;

- ♦ жастар ортасында діншілдіктің деструктивтілік дәрежесін, оның өсу факторларын анықтауға бағытталған арнайы әлеуметтік зерттеулер жүргізу. Сауалнамаға сәйкес, респонденттердің басым көпшілігі дінге сенетіндер мен діни нормаларды сақтайтындар тұратын Маңғыстау, Шығыс Қазақстан және Батыс Қазақстан облыстарында ерекше назар аудару қажет;

- ♦ этносаралық саясат саласындағы іс-шараларды іске асыруға әртүрлі этностардың жастарын тарту, оның ішінде ҚХА «Жаңғыру жолы» жастар қанатының жұмыс тәсілдерін қайта қарау ұсынылады;

- ♦ жоғары технологиялық жұмыс орындары үшін дағдылардың сәйкессіздігін қысқарту үшін білім беру және кадрлар даярлау жүйесін бейімдеу, өйткені қызметтің кейбір түрлері қашықтық форматына жатпайды;

- ♦ қашықтықтан оқыту мүмкіндігі үшін әлеуметтік осал отбасылардан шыққан балаларды компьютерлер және Интернетке қол жеткізумен қамтамасыз ету;

- ♦ әлеуметтік осал отбасылардан шыққан балаларды қашықтықтан оқыту мүмкіндігі үшін, оның ішінде бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі есебінен компьютерлермен және кең жолақты Интернетке қол жеткізумен қамтамасыз ету;

- ♦ іске асырылып жатқан бағдарламалар, жобалар, сондай-ақ жас кәсіпкерлерге қолдау көрсетуді жүзеге асыратын ұйымдар туралы хабардар болу деңгейін арттыру бойынша шаралар қабылдау. Бұл ретте тиісті ақпаратты мақсатты топқа – жастарға және әлеуетті жас кәсіпкерлерге жеткізу үшін ақпараттандырудың дұрыс формалары мен арналарын пайдалану қажет;

- ♦ әлеуетті жас кәсіпкерлерде қаржылық сауаттылықты, бизнесті басқару дағдыларын және табысты кәсіпкерлік қызмет үшін қажетті басқа да білімді қалыптастыру мақсатында консалтингтік қолдау көрсету, оқыту жөніндегі шараларды кеңейту;

- ♦ мамандандырылған клубтар құру, оқыту семинарларын өткізу және т.б. арқылы жастардың, атап айтқанда жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушылары мен ЖОО студенттерінің бизнес-бастамаларына қолдау көрсету;

- ♦ елде жұмыс істеп тұрған жастарды жұмысқа орналастыру және жалпы жастарды қолдау жөніндегі әртүрлі мемлекеттік бағдарламалар туралы, сондай-ақ түрлі коммуникация құралдарын пайдалану арқылы пандемияны ескере отырып, ақпараттық-түсіндіру жұмысын күшейту;

- ♦ жастарға арналған бірыңғай навигациялық сайт әзірлеп, оны іске қосу, онда жүргізілетін бағдарламалардың шарттарымен егжей-тегжейлі танысып, оған қатысу үшін өтінім беруді қарастыру. Бұл сайт әр бағдарлама мен жобаның операторларымен синхронды болуы керек;

- ♦ жас азаматтарды жұмысқа орналастыру және практикадан/тағылымдамадан өту үшін, оның ішінде жұмыс іздеудің әртүрлі тиімді стратегияларын қолдану бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізу арқылы жұмыспен қамту орталықтарының қызметін жандандыру;

- ♦ жастарды жұмысқа орналастыру процесінде қолдау көрсету үшін онлайн-сервистерді құру. Мұндай қызметтер жақсы нәтиже беретін шетелдік тәжірибеге сүйену керек. Мысалы, Еуропа елдері, сондай-ақ Қытай Үкіметі үлгісі бойынша жұмысқа орналасуға көмек көрсету бойынша цифрлық платформаларды әзірлеп, іске қосу керек («Кәсіби өмірге Еуропалық жолдама»);

- ♦ жастарды тұрғын үймен қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік қолдау шаралары туралы мақсатты топтарды хабардар етуді жандандыру;

- ♦ «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында Нұр-сұлтан, Алматы мен Шымкент қалаларында және қалған 14 облыста жүзеге асырылатын «Сатып алу құқығынсыз жұмыс істейтін жастар үшін жалға

берілетін тұрғын үй» жобасын іске асыруды кеңейту қажет. Мысалы, егер жыл сайын елордада және республикалық маңызы бар қалаларда жұмыс істейтін жастар үшін 1000 және облыстарда 500 пәтер берілетін болса, жыл ішінде 10 000 астам жастар мен олардың отбасыларының өкілдері тұрғын үй проблемаларын шеше алады;

- ♦ тұрғын үй қатынастары саласындағы азаматтардың, оның ішінде пәтерді жалға алатын жас отбасылардың құқықтарын қорғау туралы заңнамаға өзгерістер енгізу (өңірлер мен пәтер алаңына байланысты жалдау ақысының ең жоғары шегін заңнамалық бекіту, жалға алушылардың кенеттен шығарылуына тыйым салу және т. б.);

- ♦ жастардың көңіл-күйін қолдау үшін психологиялық және өзге де көмек көрсету бойынша жұмыс істеп тұрған онлайн-сервистер мен «Сенім телефондары» туралы жастарды кеңінен хабардар етуді қамтамасыз ету;

- ♦ терең себептерді анықтау және жастар ортасында наразылық белсенділігінің ықтимал өсуінің алдын алу мақсатында аймақтағы жастардың көңіл-күйін үнемі өлшеп отыру;

- ♦ қолданыстағы заңнаманы, жастар ісі жөніндегі консультативтік кеңестерді және т.б. қайта қарауға тарту арқылы жастардың мемлекеттік органдардың қызметіне қатысуын жандандыруға жәрдем көрсету;

- ♦ жастардың проблемаларын шешу және дамыту мүмкіндіктерін анықтау бойынша пікірталастарға арналған онлайн-аландар ұйымдастыру;

- ♦ ЖРО тиімділігін бағалау индикаторларын енгізу, оның ішінде еңбек нарығында жұмыс істемейтін жастарға баса назар аудара отырып, жастарды олардың қызметі туралы хабардар етуді қамтамасыз ету.

Жастардың азаматтық қоғамның дамуындағы оң өзгерістер үшін әлеует қана емес, сондай-ақ әлеуметтік шиеленістің ықтимал факторы болып табылатынын ескере отырып, жастар ортасында болып жатқан процестерді зерделеу қоғам үшін маңызды міндет болып табылады. Жастардың түрлі салалардағы қажеттіліктерін қанағаттандыру және өзін-өзі таныту мүмкіндіктерін іске асыру үшін жағдай жасау туралы мәселе де өзекті болып тұр. Өзін-өзі жүзеге асыру жастар ұйымдарының мемлекеттік құрылымдармен әріптестік өзара іс-қимылын кеңейту арқылы қол жеткізілуі мүмкін. Жастардың әлеуетін мемлекеттік және аймақтық мәселелерді шешуде пайдалануға болады.

Зерттеу нәтижелері аймақтық жастар саясатын қалыптастыру, осы әлеуметтік топ үшін мамандандырылған мақсатты бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру үшін маңызды болуы мүмкін.

2-БӨЛІМ.

«ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫ» САРАПТАМАЛЫҚ ФОКУС-ТОБЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІН ТАЛДАУ

01 ФОКУС-ТОП МАТЕРИАЛДАРЫН ТАЛДАУ

Жастар денсаулығы

Жастардың денсаулық жағдайы сарапшылар арасында үлкен алаңдаушылық тудырады. Сарапшылардың пікірінше, жастар арасында тыныс алу аурулары, АІЖ аурулары, репродуктивті жүйенің проблемалары, ЖЖИ жиі кездеседі. Асқазан-ішек жолдарының аурулары - бұл проблема таралуы бойынша екінші орында және көбінесе пайдалы және дұрыс тамақтану, үйде, оқу орындарында дұрыс тамақтану туралы нашар хабардарлықтың салдары болып табылады.

Өскелең ұрпақтың репродуктивтік сауаттылығының, жыныстық ағартушылықтың, контрацепция әдістері туралы, ЖЖИ және АИТВ берілу жолдары туралы, гигиена мәселелері туралы білімдерінің төмен деңгейі байқалады. Бұл ЖЖИ ауруының, ерте жүктіліктің өсуіне әкеледі. Сарапшылар репродуктивті, ділдік денсаулық, дұрыс тамақтану әдеттерін қалыптастыру, физикалық белсенділік және т.б. мәселелер бойынша білім деңгейін арттыруды ұсынады.

«Міне, егер репродуктивті денсаулық туралы айтатын болсақ, Қазақстанда 15 пен 18 жас аралығындағы жасөспірім қыздар экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) елдеріне қарағанда 6 есе жиі бала туады және 2015 жылы 15 пен 17 жас аралығындағы бір жарым мыңнан астам жүктілік тіркелді. 15 пен 18 жас аралығындағы жасөспірімдердің 1/3 бөлігі жыныстық белсенді... Жыныстық белсенді жасөспірімдер үлесі 62%, оларда ЖЖИ - бұл жыныстық жолмен берілетін инфекциялар белгілері бар, дегенмен медициналық көмекке жүгінбеген. 91% жастар АИТВ, оны жұқтыру жолдары мен сақтану шаралары туралы білмейді. 34% жастар ғана контрацепция құралдарын қолдану туралы дұрыс білімдері бар екенін көрсетті... Өскелең ұрпақтың жыныстық жолмен берілетін инфекциялар туралы білімі жеткіліксіз. Репродуктивті денсаулық көрсеткіштері, 15-18 жас аралығындағы ерте жүктілік өсуде. Егер 2017-2019 жылдардағы көрсеткіштер туралы айтатын болсақ, онда 2017 жылы 4700 жүктіліктен 2019 жылы 6700 жүктілікке дейін өсті. Қазақстан 2020 жылға қарай АИТВ, жаңа инфекциялармен ауыру және ЖИТС сырқатынан қайтыс болу көрсеткіштері төмен ел болып қалуда». (Ұлттық қоғамдық денсаулық орталығының сарапшысы).

«Енді жастар арасындағы жыныстық сауаттылыққа қатысты да көп нәрсе қажет. Себебі білім беру деңгейінде жастарға, балаларға ағзаның қалай дамидыны, қандай өзгерістер болатыны және балалардың қандай құқықтары бар екені туралы толық білім беретін нақты тұжырымдалған жұмыстық емдеу бағдарламасы жоқ». (Ұлттық қоғамдық денсаулық орталығының сарапшысы).

«Жоғарыда айтқанымдай, менің құзыретім - бұл кез-келген білім беру бағдарламасында денсаулық факторы болуы үшін ұсыныстар жасау. Химия, биология және физика пәндерін денсаулық мәселелерімен біріктіруге және балалардың денсаулығын қорғау және нығайту бойынша біршама компоненттер беруге болады. Осындай сипаттағы ұсыныстар болуы керек. Әрине, кез-келген деңгейде мектепке дейінгі, мектеп, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім міндетті түрде денсаулықты нығайту факторлары мен компоненттері болғанын қалаймын. Мектепке дейінгі деңгейде – мәсе-

лен, ағзаны, денені 5 жаста қалай сақтау керек, содан кейін қандай өзгерістер болатыны сияқты. Мектепте – бұл ділдік өзін-өзі талдау, психикалық денсаулық, репродуктивтік денсаулықты нығайту, тамақтану, физикалық белсенділік мәселелері бойынша. Денсаулықты нығайту мәселелері тек дене белсенділігі ғана емес, сонымен қатар СӨС екендігін ескерте кеткім келеді. Бұл осыған дейін көп рет айтылған, ділдік, репродуктивтік денсаулық, дұрыс тамақтану әдеттері, отбасылық тәрбиелеу компоненті және т.б.». (Ұлттық қоғамдық денсаулық орталығының сарапшысы).

Алкоголизм және нашақорлық

Сарапшылар статистикаға баса назар аударады: алкоголизм мен нашақорлықты жасарту процесі жүріп жатыр. Мәселе тыйым салынған препараттарды бақылаусыз жарнамалау санының көбеюі болып табылады, бұл нашақорлықтың таралуына әкеледі. Жастар есірткіні қолданудың салдарына немқұрайлы қарайды, оны ермек ретінде қабылдайды, денсаулығына қандай зиян келтіретінін сирек ұғынады.

«Маскүнемдік жылдам жасарып келеді. Ұлттық зерттеулердің нәтижелері бойынша 15 пен 18 жас аралығындағы жастар арасында алкогольді тұтыну 37%-бенн сәл асады. Балалар мен жастар арасында есірткі заттарын қолдану деңгейі біртіндеп өсуде. Есірткіні қолдану барлық жас санаттарында кездеседі және 15 жастан 17 жасқа дейін тез өседі және 13%-ды құрайды. 2018 жылы - 18,6%». (Ұлттық қоғамдық денсаулық орталығының сарапшысы)

«Ақпараттық хабарландыру және есірткі заттар туралы ақпаратты тарату алаңдатады. Менің ойымша, Астанада тұратындар кіреберістерде немесе үйдің қабырғаларында мэфтер мен басқа да есірткі заттарын қайдан сатып алуға болатыны туралы жазуды көруі мүмкін, яғни бұл мүлдем бақыланбайды». (Сарапшы, ҰЕҰ жастарды құқықтық ағарту жөніндегі өкілі).

Жастар арасындағы суицидтер

Сарапшылардың айтуынша, жастар арасындағы суицид көрсеткіштері әлі де жоғары. Өзіне-өзі қол жұмсаудың және оның әрекеттерінің негізгі санын құрайтын жасөспірім психологиялық тұрғыдан ең осал болып табылады, кешегі бала іс жүзінде ересек болуы керек, болашақ мамандығын анықтап, қоғамда, құрдастарының арасында орын табуы керек. Бұл міндет бәрінің бірдей қолынан келе бермейді. Жалғыздық, ауыр материалдық жағдай, сондай-ақ балалар мен жасөспірімдердің психологиялық көмегіне қол жеткізудің шектеулі болуы, өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын алу жөніндегі мемлекеттік кешенді бағдарламалардың тапшылығы Қазақстанның қайғылы статистикада бірінші орындардың бірін иеленуіне алып келеді.

«2019 жылы егер министрлік, міне мен қазір 2019 жылы министрлік парламентке ұсынған слайдтарды қарап отырмын, онда біз жастар суицидтері бойынша, жалпы суицидтер бойынша да көшбасшылардың үштігіне шыққанымызды көреміз. 2019 жыл - бұл көңілсіз көрініс, шын мәнінде, өте үлкен пайыз, біз тағы да көшбасшылар үштігіндеміз. Мұның себептері туралы зерттеулер де бар. Осы себептердің бірі – жалғыздық, өмір сүру деңгейінің төмендігі, қиын қаржылық жағдай – екінші себеп». (Сарапшы, Ұлттық Дельфий Комитетінің өкілі).

Спорттың қолжетімділігі

Сарапшылар жастардың спорт секцияларына, сауықтыру үйірмелеріне шектеулі қолжетімділігі (оның ішінде қаржылық тұрғыдан), көшедегі спорт алаңдарының жетіспеушілігі проблемасына баса назар аударады, бұл жастардың жалпы денсаулық жағдайына теріс әсер етеді. Жағдай спорт ғимараттарын коммерцияландырумен күрделене түсуде. Спорт ғимараттарына қол жеткізу проблемасы өңірлерде, ауылдық жерлерде аса өзекті.

«Біздің қаламызда жастар алаңсыз жүзе алатын бассейндер өте аз (тіпті жоқ). Бізде жастар таңертең жүгіре алатын жүгіру жолдары жоқ. Бізде жастар спортпен шұғылдана алатын спорт

алаңдары өте аз. Спорт алаңдары бар, мен дауласпаймын, тек қаламыздың орталық жерлерінде. Қала сыртында тұратын жастар (Зачаганск, Мичурино, Асан және т.б.) спортпен қайда айналысатынын білмейді». (Сарапшы, Жастармен жұмыс бойынша ресурстық орталық өкілі).

«Мен жалпы Алматы қ. қоғамдық кеңесіне мүшесін, біз спорт ғимараттарының, шығармашылық алаңдардың қолжетімділігіне мониторинг жүргіздік, өйткені оқушылар сарайлары жабылды. Үйірмелер, тегін сабақтар, мұны кез келген жағдайда жалғастыру керек. Стрит-алаңдар, көше алаңдары түсінікті, бірақ, мысалы, ауа-райы жағдайында бізде әртүрлі аймақтар бар, сондықтан жыл бойы далада спортпен шұғылдану мүмкін емес. Сондықтан спорт секцияларының қолжетімділігі және т.б. турасында, біз ақыға жалға берілетінін білеміз, барлығы коммерцияланып келеді, ал бұл ақысыз және қолжетімді түрде жасалуы қажет». (Сарапшы, YEҰ волонтерлікті қолдау саласындағы өкілі).

Ерекше қажеттіліктері бар жастарда бірінші кезекте оңалту бағдарламаларын кеңейтуді, мүгедектікті алу немесе растау үшін комиссиялардан өту рәсімдерін жеңілдетуді қажет ететін көптеген қиындықтар бар. Әлеуметтік объектілердің (спорттық, мәдени және т.б.) физикалық қол жетімділігі проблемасы әлі де өзекті.

«Осы санаттағы мәселелердің тұтас жиынтығы бар. Себебі, мүгедектігі бар жас жігіттерге оны алу өте қиын, комиссиядан өту керек. Бұл аурудың қандай екенін түсіну керек, бірақ егер, мысалы, адамның 1 мүгедектік тобы болса, онда комиссия жыл сайын өтуі керек және бұл проблема. Мәселен, адамның, баланың екі аяғы жоқ делік. Шын мәнінде, жоқ аяқ өсіп кетпейді ғой, неге ол әрдайым осы комиссиядан өте беруге тиіс». (Сарапшы, YEҰ жастарды құқықтық ағарту жөніндегі өкілі).

«Бүгінгі таңда оңалту бағдарламалары өте аз, қолжетімділігі өте төмен, яғни спорттық ғимараттар, шығармашылық үйірмелер сияқты оңалту құралдары да іс жүзінде қолжетімді емес». (Сарапшы, Ұлттық Дельфий Комитетінің өкілі).

Жастардың денсаулығын қорғау жөніндегі шаралардың тиімділігін бағалау

Жастардың денсаулығын қорғау жөніндегі шараларды іске асырудың тиімділігін сарапшылар екі түрлі бағалайды. Кейбір сарапшылардың пікірінше, шаралар сәтті жүзеге асырылуда: «Халық денсаулығы туралы» Кодексті әзірлеу кезінде балалар мен жасөспірімдердің құқықтары ескерілді, елде психикалық және репродуктивті денсаулық бойынша консультациялық көмек көрсетуге арналған жастар денсаулығын нығайту жөніндегі 126 орталық жұмыс істейді. Сондай-ақ, бұл орталықтар өздеріне жүктелген функцияны толығымен атқара алмайды, ал жастардың денсаулығын нығайту жөніндегі жұмыс орташа деңгейде бағаланады және жандандыруды талап етеді деген қарама-қарсы пікір бар.

«Саясат деңгейінде, денсаулық сақтау саласындағы ұлттық органдар деңгейінде жүзеге асырылатын іс-шараларға қатысты, әрине, айқын жеңіс бар. Денсаулық сақтау жүйесінде «Халық денсаулығы туралы» Кодекс жобасына түзетулер қабылдау кезінде 10 жастан 16 жасқа дейінгі балалардың, жасөспірімдер мен жастардың құқықтары ескерілді. Олар МӘМС органдарына кеңес алу үшін тікелей жүгіне алады. Егер жастардың тиімді денсаулығын нығайту бойынша қандай прогрессивті қадамдар жасалғаны туралы айтатын болсақ, қазір біздің елімізде жастардың денсаулығын нығайту орталықтары жұмыс істейді, олар осы жасөспірімдердің барлығына психикалық, репродуктивті денсаулық бойынша кеңес беріп, көмек алуға бағытталған. Жастар орталықтарының желісі бүкіл ел бойынша белсенді өсуде. Егер 2018 жылы 2019 жылғы есептер бойынша 118 Жастар орталығы болса, қазір 126-ға жуық жастар денсаулық орталығы жұмыс істеп тұр. Олар қалалық емханаларда орналасқан және жастар жасырын түрде жүгіне алады». (Қоғамдық денсаулық ұлттық орталығының сарапшысы).

«Денсаулық сақтау саласындағы саясат орта деңгейде жүзеге асырылуда. Жастар үшін денсаулық сақтау сапасын арттыру мақсатында көптеген шараларды ұйымдастырып, қабылдауға болады». (Сарапшы, Жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталықтың өкілі).

«Денсаулық сақтау басқармасы жанындағы жастар денсаулық орталықтарының қызметін жандандыру қажет. Бір кездері олар Денсаулық сақтау басқармасының ведомстволық бағынысты ұйымдарына бөлінді, қазір әкімдіктер теңгеріміне берілді, бірақ, өкінішке орай, олар қазір тиісті деңгейде жұмыс істемейді». (Сарапшы, облыс әкімдігінің Жастар ісі жөніндегі бөлімінің өкілі).

Жастар өміріндегі білім және ғылым

Сарапшылар атап өткен жағымды тұсы – бұл Қазақстандағы білімнің жоғары қолжетімділігі, бұл әлемнің барлық елдерінде бола бермейтін, жақсы көрсеткіш. Бірақ, өкінішке орай, сан әрқашан сапаны білдірмейді. Білім беру бағдарламалары сапасының төмендігі байқалады, бұл жергілікті жоғары оқу орындарының жастар үшін тартымдылығын сөзсіз төмендетуге әкеп соғады.

«Шын мәнінде, егер негіздемелік конвенцияларды, ДДҰ, ЮНИСЕФ, ЮНЕСКО, ЮНЦФ, басқа да БҰҰДБ агенттіктерінің ұсынымдарын қарайтын болсақ, онда әл-ауқатты нығайту үшін... Жалпы, халықаралық стратегияларда балалар мен жастардың өмір сүруі мен өркендеуі туралы түсінік бар. Барлық жерде әл-ауқат үшін ұсыныс айтылуда - бұл білімге қолжетімділік. Өкінішке орай, сол Еуропа елдерінің өзінде біздегідей қолжетімді бола бермейді. Бізде кез келген деңгейде білім алуға қолжетімділік 98,8%-ға бағаланады. Бұл өте жақсы көрсеткіш. Бұл керемет. Бірақ бұл білім беру бағдарламаларының мазмұнына, мектеп білімінің өзіне, университетке қатысты көптеген мәселелер бар. Білім сапасы туралы бізде көптеген пікірлер бар». (Қоғамдық денсаулық ұлттық орталығының сарапшысы).

«Бүгінде біздің Ғылым комитетінде, Білім саласындағы бақылау комитетінде шетелдік білім алғандармен үлкен пікірталастар бар. Олар оны мінсіз санайды және Қазақстанда ғылым қалай жүзеге асырылып жатқанын түсінбейді. Бұл шетелде оқығандық ғана емес, мұнда біз айтқымыз келетін тағы бір мәселе туындайды - бұл шетелдік білімнің беделі. Бізде шетелдік білімді жоғары бағалайды, кейде тіпті асыра құрметтейді, осылайша қазақстандық білімге нұқсан келтіреді. Соңғы бірнеше жылда өткен барлық жастар форумдарын қарастырайық. Спикерлер кімдер болды? Спикерлер ретінде әрдайым немесе көбінесе, 90% шетелдік білімі барларды таңдайды. Иә, бұл тамаша. Бірақ сонымен бірге бұл форумдар кім үшін жасалады, олардың жастар үшін идеологиялық маңызы қандай? Олар қарап отырып, мен шетелде оқитын болсам, мен де осылай форумда сөз сөйлер едім деп ойлайды. (Жоғары білім саласынан сарапшы).

Сарапшылардың пікірінше, бүкіл білім беру жүйесі тұрақты реформаларды тұрақсыздандырады, ал бюрократиялық талаптар көбінесе оң бастамаларды бұзады. Жаңа стандарттарға қайта-қайта үйренуге мәжбүр болған мұғалімдер мен студенттердің жүктемесі артып келеді. Осылайша, оқытудың тиімділігі, оқу материалын қабылдау төмендейді.

«Міне, бірінші кезекте біздің негізгі проблемаларымыз - БҒМ 10 жылдан бері дауылдатып тұр. Реформадан реформа, иә? Реформа бізде қалыптасып үлгермейді, сондықтан басқаша. Міне, қазір ғана білім беру бағдарламаларының сапасы туралы айттық қой. Егер білім беру саясаты жүйесіне тереңірек үңілетін болсақ, бәрі өзгеріп келеді, әр 2 жыл сайын өзгеріп отырады және физикалық тұрғыдан біз бұл жаңалықтарға ілесіп үлгермейміз. Үнемі жаңа директивалар, жаңа мазмұн жолдайды. ЖОО-ларға академиялық еркіндік беріледі, бірақ сонымен бірге ЖОО-лар байланған. Есептілікті алып тастайды да, басқа дүниелер ойлап табады. Бірақ бұл өте қиын, бір жақсы нәрсе басталып келе жатқандай болады да, содан кейін әдеттегідей бюрократия басталады. Бұл қазіргі білім саласындағы негізгі проблемалар. Бұл реформалар мен бюрократия». (Жоғары білім саласынан сарапшы).

Қазақ тілінде білім беру

Қазақстан тәуелсіздік жолына түсті, өзінің ұлттық мәдениеті мен дәстүрін, ана тілін қалпына келтіруде. Бұл процесс қаншалықты сәтті өтіп жатыр? Сарапшылар қазіргі уақытта қазақ тілінде оқыту көлемі мен

сапасы жағынан күтілген нәтижеге сәйкес келмейді деп алаңдайды. Оқытушылар құрамының нашар даярлығы, әдебиеттің тапшылығы мен сапасының төмендігі, профессорлар санының жеткіліксіздігі және т.б. әсіресе, бұл үрдістер білім деңгейі қалалық деңгейден төмен ауылдық жерлерде күшейе түсуде.

«Қазақ тілінде білім беру көздері жоқ. Өте аз, сапасыз. Біз өзіміз осыған тап боламыз. Қазір студенттер мен оқушылардың 70%-ы қазақ тілінде оқиды. Тіпті осы 100 кітап болса да, біз кейде кітаптарды бақылап, сараптап отырамыз. Олар өте төмен сапалы, сондықтан олар жай бір оқулықты аударудың өзіне көп ақша шығындайды». (Жоғары білім саласынан сарапшы).

Жастардың ерекше санаттарына арналған білім (мүгедектер, қылмыс жасаған жастар, трансгендерлер)

Сарапшылар өмірлік жағдайларға байланысты білім беру қызметтеріне қол жеткізуде қиындықтары бар жастардың жекелеген топтарының білім беру құқықтары мен мүмкіндіктерін ескеру қажеттігіне назар аударды. Мысалы, заңға қайшы келетін адамдар санаты, олардың арасында көбінесе сауатсыз адамдар кездеседі және оларға қажетті білім көлемін (жазғы тегін білім беру лагерлері) беруге мүмкіндік беретін арнайы бағдарламалар қажет, бұл осы санаттың одан әрі нашарлауына жол бермейді.

«Біздің санатымыздың арасында үлкен проблема бар, олар заңға қайшы келеді. Біз өлшеулер жасаймыз, өйткені біз оларды заңды түрде анықталған нормаларға, дағдыларға, заңдарға, кодекстерге оқытамыз. Олар оқыған баптардың мағынасын түсінбейді. Мысалы, сол азаматтық немесе қылмыстық кодекстің. Олар бұл баптарды түсіндіре алмайды. Олар тіпті аты-жөнін және қайда оқығанын айта алмайды. Ал оқу деңгейі қазақ тілінде де, орыс тілінде де өте төмен. Біз қазір балалардың осындай санаты үшін жазғы мектептер тәжірибесін енгізуге мәжбүр болдық. Яғни демалыс уақытында біз математика, қазақ тілі, орыс тілі, әдебиет бойынша репетиторлар жалдаймыз. Өйткені мектеп бағдарламасы бойынша ол артта қалған, тиісінше олар неғұрлым деградацияға ұшырауда, негативке көп ауады, өйткені оларға өзін таныту керек, бірақ олар таныта алмайды». (Сарапшы, ҰЕҰ нашақор адамдарға көмек көрсету жөніндегі өкілі).

Сарапшылар ерекше қажеттіліктері бар жастар үшін білім беру қызметтерінің қолжетімділігі мәселесіне алаңдаулы. Егер орта білім беру - жалпы шешілген мәселе болса, одан кейінгі білім алу төмен қолжетімді болады. Сондықтан сарапшылар кәсіптік-техникалық білім беру ұйымдарының, ерекше қажеттіліктері бар жастар үшін жоғары оқу орындарының болашақта жұмысқа орналасу мүмкіндігіне ие болуы үшін олардың қолжетімділігін арттыру қажет деп санайды.

«Сондай-ақ мүгедектігі бар жастар туралы айтқым келеді. Бұл жерде бірінші кезекте білім беру қызметтеріне қол жеткізу. Бұл мектептер де, университеттер де, яғни физикалық қолжетімділік ретінде университетке кіру мүмкін емес, сондай-ақ осындай жастарға арналған бағдарлама. Қазіргі уақытта мүгедектігі бар жастар үшін тек жақсы, мысалы, тігін колледждері қолжетімді, яғни оны кеңейту қажет». (Сарапшы, ҰЕҰ жастарды құқықтық ағарту жөніндегі өкілі).

«Біздің ерекше қажеттіліктері бар жастарымыз, қазір біздің мемлекет олар мектепте оқу үшін үлкен үлес қосуда. Бізде ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін жеке сыныптар ашылса, мемлекеттік сыныптар да ашылуда. Балабақшалар және мектептер қамтылған. Ал, әрі қарай не болмақ? Яғни, біз бұл балаларға алғашқы қадам жасадық, бірақ олар әрі қарай жүзеге асырыла ма? Бұл ретте жастар саясатында да баса назар аудару керек, осы балалар ішінара дербес болуы тиіс. (Сарапшы, «Болашақ» халықаралық стипендия қауымдастығының өкілі).

«2016 жылы біз парадельфиялық номинацияларды іске қостық, ал, неге жеттік? Балалар, коррекциялық мекемелерді аяқтаған кезде - бұл орта білім, әдетте, балалар жұмыстан бос қалады. Елена дұрыс айтты, олар тігінші немесе етікші болады, бұл есту қабілеті нашар категорияға қатысты. Мысалы, біз «Ерекше актерлар театры» жобасын іске қостық. Біз неге тап болдық? Барлық мүгедек балалар театрға қабылданған шығармашылық конкурстардың жеңімпаздары қысқа мерзімді оқудан

өтті, бірақ мәселе неде? Мемлекет балаларды жұмысқа орналастыруға көмектесуге уәде берді, ал іс жүзінде балаларды сол Солтүстік Қазақстан театрының өзі жұмысқа қабылдай алмайтын болды, себебі балалар актер емес. Бұл бұзушылық, яғни білім жоқ, диплом жоқ. Балаларды оқуға қабылдай алмайды, өйткені оқыту бағдарламасы жоқ. Мысалы, бізде Батыс Қазақстан өнер институтымен естімейтін хореографтарды оқытудың пилоттық жобасын құру және енгізу туралы уағдаластық бар. Олар кейіннен жұмысқа орналастырылатын болады». (Сарапшы, Ұлттық Дельфий Комитетінің өкілі).

Трансгендерлік санаттағы сияқты жастардың білім алу проблемасы бар, ол қоғам мен отбасынан бас тартудан бастап, құжаттар проблемаларына дейін, демек, білім беру және басқа да әлеуметтік қызметтерге қолжетімділікке қатысты көптеген қиындықтарға тап болады.

«Трансгендерной жастарды оқыту мәселесі. Сіз таң қаласыз деп ойлаймын, бірақ бізде де осындай жастар пайда болды. Мәселе мынада, мысалы, жынысын өзгертуге шешім қабылдаған қыз немесе жігіт университетте білім ала алмайды, өйткені олар құжаттарды әлі өзгертпеген, яғни сыртқы келбеті құжаттарға сәйкес келмейді. Бұл да проблема, оның ішінде біз әрі қарай құқық және полициямен өзара іс-қимыл туралы айтатын боламыз. Бұл да қиын жағдай». (Сарапшы, ҰЕҰ жастарды құқықтық ағарту жөніндегі өкілі).

Құжаттары жоқ (сондай-ақ ата-аналарында құжаттары жоқ) балалар мен жастардың осындай санатының білім алуда артта қалу проблемасын ескеру қажет. Олардың білім алу мүмкіндігі үшін оларды заңдастыру және құжаттарды алу бойынша бір реттік акциялар өткізуді қарастыру қажет. Бұл санат үшін оқытуда артта қалуды жою шараларын қарастыруға болады (арнайы білім беру циклі).

«Мен ұзақ уақыт бойы білім министрлігінің қоғамдық кеңесінде болдым, бізде ешқашан мектепте оқымаған жастар бар, олар 21 жаста және ешқашан мектепке бармаған. Олар мұны - бірлі-жарым жағдай дейді. Біз бүгінгі күні ешқашан білім беру бағдарламасымен қамтылмаған жастар бар деп нақты айтамыз. Онымен қоса, оңтүстік өңірлерде үлкен проблема бар, онда балалар туғаннан бастап құжатталмаған, яғни олар құжаттауға кірмей қалды. Неліктен? Себебі анасы құжатталмаған. Эмигранттар бойынша тіпті бөлек әңгіме, әжелерде қызыл төлқұжат, уақтылы құжатталмаған, балаларды дүниеге әкелген, оларды да құжаттандырмаған. Мұнда мәселелерді акциялар деңгейінде шешу қажет. Кешіру бойынша акцияны білетін шығарсыз. Себебі бұл адамдардың құжатталу үшін тіркелуге де, айыппұл төлеуге де мүмкіндігі жоқ. Осындай жыл сайынғы үш айлық акциялар болуы керек, осы кезде құжаттары жоқ адамдар рәсімделуі керек». (Сарапшы, ҰЕҰ нашақор адамдарға көмек көрсету жөніндегі өкілі).

«Тиісінше, ұсыныстар аясында айтар болсам, бағдарламаға ілесіп үлгермеген балалар үшін оқыту циклін енгізу қажет. Балалардың карантинде болуына байланысты, қандай жағдай орын алғанын көріп отырмыз. Балалар білім алуға дайын емес, ал бұл санатқа тіпті қиын». (Сарапшы, ҰЕҰ нашақор адамдарға көмек көрсету жөніндегі өкілі).

Кәсіптік бағдар беру, арнаулы орта білім берудің беделін арттыру, жұмысшы мамандықтарды алу

Сарапшылар қоғамда шектеулі ақыл-ой көзқарастарының болуын, оның ішінде қоғамдағы беделі мен мәртебесі тұрғысынан мамандық таңдауға ата-аналардың балаларға психологиялық «қысымы» түрінде атап өтті. Қазақстандықтар көбінесе кәсіптік-техникалық білімді жете бағаламайды, көптеген жас қазақстандықтар үшін жұмысшы мамандығын алуға мүлдем жол берілмейді. Көбінесе сарапшылар түлек ЖОО-да тек диплом алу үшін оқитын, ал кейіннен алған мамандығы бойынша жұмыс істеуден бас тартатын жайттармен кездеседі. Бұл жоғалған қаржы (мемлекеттік немесе отбасылық), сондай-ақ, уақыт пен күш.

«Бізде қазір колледждерді қолдау өте жақсы. Яғни, бізде орта кәсіптік білімді қолдайды, бұл өте жақсы саясат, оларға үлкен қаражат бөлінеді. Бірақ бұл жерде үлкен кемшілік бар, ол мемлекеттік

саясатқа мүлдем қатысы жоқ, бұл балаларын колледжге жібергісі келмейтін ата-аналар. Міне, бізде осындай менталдылық бар. Бүгінгі таңда білім беру саясатындағы басты мәселе - бұл жастардың өзі ғана емес, осы білімнің тұтынушылары, сонымен қатар балаларына бағдар беретін ата-аналар. Ешбір саясат баланы ата-анасы бағыттағандай оқуға бағыттамайды. Мұнда ата-аналарға көп көңіл бөлу керек. Сол сияқты, біз биылғы жылы педагогикалық мамандықтардың беделін көтеру бойынша өте жақсы тәжірибені енгіздік. Оларға стипендияны көбейтеді». (Жоғары білім саласынан сарапшы).

Кәсіби бағдарлау оқушылармен жұмыс түрі ретінде, сарапшылардың пікірінше, ата-аналармен өзара әрекеттесу, жұмыс мамандықтарына деген немқұрайлықты өзгерту, еңбек нарығы мен сұранысқа ие мамандықтарды ұтымды түсіну үшін қажет. Сарапшы әлеуетті қызметкерге жұмыспен қамту саласын таңдауға көмектесетін кәсіби психологтар мен кәсіптік бағдар берушілер келген кезде «Атамекен» ҰКП (мобильді жұмыспен қамту орталықтары) жинақтаған оң тәжірибені пайдалануға шақырады.

«Оқушылардың ата-аналарымен, талапкерлермен үлкен кәсіптік бағдарлау жұмыстарын жүргізу қажет, бұл үшін кәсіби бағдарлау жұмыстары ата-аналарға білім беру бағдарламаларының негізгі топтарын түсіндіру үшін бағытталуы керек. Себебі оны кафедраларға беру мүмкін емес. Қазір бұл кафедраларға беріледі, бірақ кафедра республиканың барлық мектептеріне барып, олардың артықшылықтарын түсіндіре алмайды». (Жоғары білім саласынан сарапшы).

«Жалпы алғанда, біз, ең болмағанда, «Атамекен» ретінде бизнес, қолдау, дәл осы кәсіпкерлік саласындағы бағдарлар бөлігінде қабылданып жатқан шаралар, айталық, жеткілікті түрде жан-жақты шаралар қабылдануда және мемлекеттік қолдаудың белгілі бір шаралары қалануда. Тағы бір нәрсе, біздің жастарға қандай да бір диагностика жүргізуге кедергі болмас еді, яғни бәрі бірдей бизнесмендер бола бермейді. Біреу жұмысқа орналасу, болашақта жұмыспен қамту тұрғысынан белгілі бір салаларға бейім. Яғни оларға осы өмірде өз жолын табуға көмектесу. Бір жерде, тіпті мектеп орындығынан бастап, жыл сайын тексеріп, салыстырып қарау. Сондықтан, кейінірек тереңірек үңілген кезде, бізде мобильді жұмыспен қамту орталығы бар, онда жеке өсу бойынша кеңесшілер бар - бұл психологтар. Олар адамдарға психотипін анықтауға көмектеседі. Бұл іс жүзінде біздің азаматтарымызға, қолдауға жүгінетін қала тұрғындарына көп көмектеседі. Сондықтан осындай екі негізгі мәселе – бұл жастарға олардың өмір сүру бағытын, яғни немен және қай салада айналысатынын анықтауға көмектесу». («Атамекен» ҰКП сарапшысы).

